




ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

бірлескен күш-жігердің негізгі тірегі

2-3



МӘМС ТИІМДІ МЕ, ӘЛДЕ ТИІМСІЗ БЕ?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің күнгейі мен көлеңкесі туралы

8



ЕЛ ІШІН «МӘЙІТ-ДОНОР» ЕЛЕСІ КЕЗІП ЖҮР

Ағза саудасын тоқтату құзырлы орындардың қолынан келе ме?

9

БАСТЫ БАҒДАРЛАР САРАЛАНДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесті

Қала әкімі Ерболат Досаевтың халықпен кездесу жиындары жалғасуда. Бұл жолы Әуезов ауданының тұрғындарымен кездескен шаһар басшысының кезекті жиыны «Мамыр» ықшамауданындағы №202 мектепте өтті.



Мәншүк
БЕКБОСЫН

Елмен етене араласып, халық арасында жиі болған жағдайда билік басындағылар тұрғындардың тыныс-тіршілігін, оларды мазалаған мәселелерді жақсырақ түсінетіні белгілі. Кездесу барысында шаһар басшысы өткен жылы атқарылған жұмыс қорытындысы мен болашақты бағамдайтын жоспары туралы есепті баяндамасын жасады. Өткен жылдың еліміз үшін табысты болғанын тілге тиек еткен әкім аудан тұрғындарының да әлеуметтік жағдайының жылдан-жылға жақсарып келе жатқанын мәлімдеді. Сондай-ақ, ауданның экономикалық жағдайының едәуір дамығандығы сөз болды.

Қала әкімімен кездесуге келген тұрғындар жиынның соңына дейін шеті сөгілмей отырды. Аудан тұрғындарының әрбір сауалы өзекті болды. Жұрт залдың үш жеріне қойылған дауыс күшейткіштерді пайдаланып, ойлары мен ұсыныстарын еш кесірісіз айтып жатты. Әрбір сұрақ жекелеген жайттардың басын ашып берді. Мегаполис басшысы залда отырғандардан түскен сауалдарға жауап беру барысында бірден әр мәселенің мәнісіне үңіліп, мұқият



тарқатып, шешілу мүмкіндігі немесе мүмкін еместігін сол мезетте егжей-тегжейлі түсіндіріп беріп отырды.

5

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №13 (6464) 16 ақпан, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



ӘЛЕМДІК АРЕНАДАҒЫ ЖАҢА ЖЕТІСТІК

Қазақстан алғаш рет әлемнің «Орта державалары» тізіміне енді



Қолжазды жасаған Нұрбоосын ӨРСҰЛЫ.

Германияның беделді ғылыми-сараптамалық орталығы «Ғылым және саясат қоры» (SWP) «Орта державалар – халықаралық саясаттағы маңызды актерлер» атты көлемді мақалалар жинағын шығарды. Бұл ақпарат sayasat.kz сайтында жарияланды.

Дәстүр бойынша «Орта державалар» ұғымы әлемдік саяси және экономикалық аренада маңызды рөл атқаратын мемлекеттерді білдіреді. Түркия, Израиль және Үндістан сияқты елдер кіретін SWP орта державаларының тізіміне Қазақстан алғаш рет еніп отыр. SWP орталығының Германия үкіметімен және Парламентімен әріптестігін ескере отырып, Еуропалық одақ Орталық Азия елдеріне, атап айтқанда, Қазақстанға көбірек қарайды деп болжауға болады.

6

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.02.2024

Түнде:



-2-4 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашын (жаңбыр, қар), көктайғақ, тұман.

Күндіз:



-2-4 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашын, кей уақытта қатты (жаңбыр, қар), көктайғақ, тұман.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

17.02.2024

Түнде:



-19-21 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта қар, тұман.

Күндіз:



-14-16 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ПРЕЗИДЕНТ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР

бірлескен күш-жігердің негізгі тірегі



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Катарға мемлекеттік сапармен барды

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сапар аясында Катар Мемлекетінің Әмірі, шейх Тәммим бен Хамад Әл-Тәнимен, осы елдің Премьер-министрі – Сыртқы істер министрі, шейх Мұхаммед бен Абдулрахман Әл-Тәнимен келіссөздер жүргізді, қазақ-катар инвестициялық «дөңгелек үстеліне» қатысты. Сондай-ақ, Al Faisal Holding компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Фейсал бен Қасым Әл-Тәнимен, Qatar Investment Authority компаниясының бас атқарушы директоры Мансур Ибрагим Әл-Махмудпен, Power International Holding компаниясының иелері Муатаз Әл-Хаят және Рамез Әл-Хаятпен, Nebras Power компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Мұхаммед Нассер Әл-Хаджримен кездесті. Катар Мемлекетінің Консультативтік Кеңесі мүшелерінің алдында сөз сөйледі.

Сенімді әрі маңызды әріптес

- Бұл Қазақстан Президентінің осы елге алғашқы мемлекеттік сапары. Сондықтан Катар Мемлекетінің Әмірі, шейх Тәммим бен Хамад Әл-Тәнимен кездесуде

Мемлекет басшысы мұның мән-маңызы ерекше екенін атап өтті.

– Катар – ислам әлеміндегі біздің сенімді әрі маңызды әріптесіміз. Екі елдің қарым-қатынасына тың серпін беретін кез келді деп ойлаймын. Қазақстан мен Катар байланыстарын толық стратегиялық әріптестік

деңгейіне көтеруді ұсынамын. Сапар кезінде өте маңызды құжаттарға қол қойылады. Бұл келісімдер біздің ынтымақтастығымызды стратегиялық деңгейге көтереді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Катар Мемлекетінің Әмірі, шейх Тәммим бен Хамад Әл-Тәни Қазақстан Президенті сапарының мән-маңызына тоқталды.

– Жоғары Мәртебелі Президент мырза, біздің елімізге ең алғашқы мемлекеттік сапармен келіп отырғаныңызға қуаныштымын. Бүгінгі келіссөздер екі ел арасындағы қарым-қатынастарды еселей түсетініне сенемін. Біз Астанада да кездестік. Бүгінгі жүздесуіміз бұрынғы келіссөздер негізінде қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылуын қадағалап, алдағы жоспарларды айқындауға мүмкіндік береді. Екіжақты ынтымақтастық аясында энергетикалық,

сауда-экономикалық және инвестициялық жобаларды іске асыруға мүдделіміз, – деді Катар Мемлекетінің Әмірі.

Осы орайда екі ел арасында тығыз саяси диалог, кеңейіп келе жатқан экономикалық серіктестік және табысты мәдени-гуманитарлық байланыстар қалыптасқанын айта кеткен жөн. Соңғы үш жылда қол қойылған келісімдер әртүрлі саладағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға берік негіз болып отыр.

Аймақтағы белсенділік артады

Келіссөз барысында ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, туризм мәселелері талқыланды. Мемлекет басшысы Катарды Шығанақпен Орталық Азияны байланыстыратын интермодальды көлік желісін дамыту үшін күш-жігер біріктіруге шақырды. Бұл аймақтағы экономикалық белсенділікті ынталандыруға ықпал етеді. 2030 жылға қарай суармалы жер көлемін 3 миллион гектарға дейін ұлғайтуды жоспарлап отырған еліміз қазір бидай мен ұн өндіру бойынша әлемде алғашқы ондыққа кіреді. Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты арттыруға негіз бар екеніне назар аударды. Сонымен қатар, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту мәселесі де талқыланды. Президент 2025 жылы екі ел астаналарында Қазақстан мен Катардың мәдениет күндерін ұйымдастыруды ұсынды. Бұл шаралар мәдени мұрасы бай халықтарымызды жақындата түсетініне сенім білдірді.

Бұдан бөлек, аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылды.

Ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктері

- Қасым-Жомарт Тоқаев Катар Мемлекетінің Премьер-министрі – Сыртқы істер министрі, шейх Мұхаммед бен Абдулрахман Әл Тәнимен келіссөзде Қазақстан мен Катар арасындағы қарым-қатынасты жоғары бағалайтын атап өтіп, қол жеткізген келісімдер серіктестікті жаңа деңгейге көтеруге тың серпін беретініне сенім білдірді.

– Сапар сәтті болды. Біздің қарым-қатынасымызға тың серпін беретін құжаттар топтамасына қол қойылды. Жоғары Мәртебелі Катар Әміріне айтқанымдай, біз өзара байланыстарды екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік деңгейіне көтердік. Бұл өте

САРАПТАМА

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Катарға мемлекеттік сапары аясында тараптар екі ел арасындағы энергетикалық, сауда-экономикалық, ауыл шаруашылығы және инвестициялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға уағдаласты, бірнеше маңызды мемлекетаралық құжатқа қол қойылды. Мақаламызда, Қазақстанның Парсы шығанағындағы мүддесі, Қазақстан–Катар байланыс әлеуетінің болашағы сынды маңызды сауалдарды сараптайтын боламыз.

- Бүгінде Қазақстан халықаралық саясатта алымды инвесторлар үшін жоғары әлеуетке ие аймаққа айналды. Сәйкесінше, Мемлекет басшысы әрбір шетелдік іссапар аясында, бизнес өкілдерімен, инвесторлармен үкіметаралық форумдар, «дөңгелек үстелдер» аясында кездесулерге қатысуға жоғары мән береді. Президент қазақ-катар инвестициялық «дөңгелек үстеліне» қатысып, катарлық бизнес өкілдерімен бірқатар кездесу өткізді. Кездесу нәтижесінде қос мемлекет арасында бірнеше маңызды меморандумға қол қойылып, іргелі жобалардың негізі қаланды.

АСТАНА МЕН ДОХА АРАСЫ ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

Катар – бүгінде Таяу Шығыста маңызды саяси ықпалы бар, тұрақты экономикалық өсімнің символына айналған мемлекет. Қазақстан

үшін Катар мемлекеті Парсы шығанағындағы сенімді стратегиялық әріптеске айналды. Қазақстан мен Катар арасындағы байланыс соңғы отыз жыл көлемінде маңызды кезеңдерден өтіп, қазіргі таңда мәдени-экономикалық, инвестициялық, логистикалық, гуманитарлық және т.б. салаларда тиімді жұмыс жасап келеді. Қос мемлекет арасындағы байланыстың жаңа деңгейге көтерілгендігінің бірден-бір көрінісі – соңғы төрт жылда Президент Тоқаев пен Катар Әмірі, шейх Тамим ибн Хамад әл-Танидің түрлі халықаралық форумдар аясында, мемлекеттік сапарлар негізінде бес рет кездесуі. Алайда, бұл жолғы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Катарға ресми сапары Мемлекет басшысы ретіндегі алғашқы мемлекеттік сапар. Катар билігі Қасым-Жомарт Тоқаевты жоғары деңгейде қарсы алып, оған Катардың ең жоғары деңгейдегі мемлекеттік символы – Катар мемлекетінің негізін қалаушы шейх Джасим бен Мұхаммед бен Тәнидің қылышын тарту етті. Аталмыш сыйлық Қазақстан–Катар арасындағы страте-

гиялық сенімге негізделген қарым-қатынас орнағандығының айқын көрінісі.

Қазақстан мен Катар арасындағы саяси байланыста шешілмеген ешқандай мәселе жоқ. Керісінше, соңғы бес жыл ішінде аймақтағы геосаяси өзгерістерге байланысты Катардың Орталық Азиядағы ықпалы артып, Қазақстан–Катар байланысы жаңа деңгейге көтерілді. 2022 жылғы маусымда Әмірдің шақыруымен Президент Тоқаев II Катар экономикалық форумына қатысты. 2022 жылдың қазан айында Катар Әмірі Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Сапар қорытындысы бойынша үкіметтік және ведомстволық деңгейде 12 екіжақты құжатқа қол қойылды. Қос мемлекет арасындағы байланыс мемлекетаралық сипаттан бөлек, институционалдық форматта бекіген. Катар – Қазақстан бастамасымен құрылған құрылым, қазіргі таңда Азиядағы ОБСЕ ұйымының баламасы іспетті жұмыс жасайтын, Азиядағы Өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің (АӨСШК) тұрақты мүшесі. Сонымен қатар, биыл еліміз төрағалық етіп отырған, Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымының серіктесі.

Қазақстан мен Катарды бірікті-

ретін ортақ құндылықтар көп. Катар соңғы жылдары геосаяси негізде, Парсы шығанағы аймағында маңызды геосаяси күшке айналды. Парсы шығанағы арқылы өтетін сауда жолы, Таяу Шығыстағы саяси тұрақтылық мәселесі сынды маңызды саяси мәселелер Катардың қатысуынсыз толық шешілмейді. Орталық Азиядағы соңғы екі жылда аймақтағы геосаяси өзгерістерге байланысты «жаңа мүдделі» тараптардың ықпалы артуда. Екіншіден, Қазақстан барлық мүдделі тараптар үшін саяси-экономикалық тұрақты өсімді көрсетіп, халықаралық нормаларды жіті ұстанатын, аймақтағы жоғары сенімге ие мемлекетке айналды. Бұл тұрғыда Катар–Қазақстан байланысының стратегиялық деңгейге өсуі екі тарап үшін де аймақта күштер балансын сақтауда, логистикалық, энергетикалық, ауылшаруашылығы салаларында сәтті ауқымды жобаларды іске асырудың бастауы болмақ.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СИПАТ

Қазақстан–Катар мемлекетаралық байланыстарының өзегі – экономика, сауда, инвестиция, ауылшаруашылығы салалары.

МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТАР, Ислам әлемі:

Қазақстан Еуразия төрінде, өркениеттер тоғысында орналасып, батыс пен шығыс арасындағы сауда, экономикалық байланыстың негізгі бағытын бақылайтын стратегиялық әлеуетке ие болса, Катар геосаяси тұрғыдан, Таяу Шығыстағы сауда жолдарынан бөлек, инновация, венчурлық капитал айналымы, теңіз сауда жолы және т.б. маңызды салалар бойынша аймақтағы бірегей хабқа айналған мемлекет. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Дохаға мемлекеттік сапары екі мемлекет арасындағы байланыс аясын жаңа бағыттарын айқындай отырып, инфрақұрылымдық жобалар, инвестициялар, экономикалық бірлескен жобалар негізінде кеңейтті. Соңғы бес жылда қос мемлекет арасындағы сауда көлемі тұрақты түрде өсуде. Дүниежүзілік банк дерегіне, 2023 жылы Қазақстан мен Катар арасындағы сауда көлемі соңғы отыз жылдағы рекордтық көрсеткішке жетіп, 9,6 млн АҚШ долларын құрады. Мемлекеттік сапар барысында алғаш рет Қазақстан–Катар байланысы стратегиялық сипатта екендігі аталып өтті. Бұл Таяу Шығыстағы мүдделер қақтығысы артып тұрған шақта қос тарап үшін де өте маңызды қадам. Алғаш рет Қазақстан мен



үлкен жетістік деп санаймын. Мен осындай нәтижеге қол жеткізгенімізге қуаныштымын. Бірақ біз мұнымен шектеліп қалмай, алға қадам басып, өзара ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін қарастыруымыз керек, – деген Қазақстан Президенті екі ел үкіметтерін сауда-саттық қарқынын арттыру үшін нақты экономикалық мәселелерге назар аударуға шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Орта дәліз» ретінде танымал Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамытуға зор үміт артып отырғанына тоқталды. Сондай-ақ, Шығанақ аймағының үлкен нарығына кең жол ашуға және жаңа транзиттік бағыттарды қарастыруға баса мән беретінін жеткізді. Мемлекет басшысы Катар компанияларын Қазақстандағы ірі инфрақұрылымдық жобаларды бірлесе жүзеге асыруға шақырды. Сонымен қатар, келіссөз барысында ауыл шаруашылығы, цифрландыру, энергетика салаларына қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

• **Сапар аясында қазақ-катар инвестициялық «дөңгелек үстеліне» қатысқан Мемлекет басшысының айтуынша, әлем бұрын-соңды болмаған сын-қатерге тап болған қазіргідей кезде саяси ерік-жігер мен экономикалық белсенділікті ұштастыру өте маңызды.**

– Бүгін мен Катар елінің басшылығымен нәтижелі кездесу өткіздім. Біз түрлі сала бойынша уағдаластықтарға қол жеткіздік және елдеріміздің үкіметтеріне оларды жүзеге асыру үшін тығыз байланыста жұмыс істеуді тапсырдық. Менің сапарым біздің көпжақты қатынастарымызды одан әрі нығайту үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынына сенімдімін. Жоғары Мәртебелі шейх Тәммим бен Хамад Әл-Тәммимнің басшылығымен Катар зор табысқа жетті. Көптеген ел сіздерден үлгі алады. Сіздердің ғажайып елдеріңіз – экономикасы қарқынды дамыған, тұрмыс деңгейі жоғары, қоғамы өркендеген мемлекет ретінде танымал. «Катар – 2030» ұлттық бағдарламасында жаңғыру мен ұлттық құндылықтар өзара нақты әрі ерекше үйлесім тапқан. Барша қатарлық достарымызға осынау игі мақсатқа жету жолында табыс тілеймін, – деді Президент. Ол серіктестікке тың серпін беру үшін жоғары деңгейдегі Қазақ-катар бірлескен комиссиясының және Іскерлік кеңестің жұмысын жандандыруды ұсынды. Қазақстан тарапы жақында ратификацияланған Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімнің екі ел арасындағы инвестициялық ынтымақтастықты нығайта түсетініне сенім білдірді.

– Бүгін Жоғары Мәртебелі шейх Тәммим бен Хамад Әл-Тәммиммен кездесу барысында мен алғашқы қадам ретінде екіжақты сауда көлемін жарты миллиард долларға дейін ұлғайтуды ұсындым. Біз Катар нарығына машиналар, темір, болат, ауыл шаруашылығы өнімдері және басқа да жоғары сапалы тауарларды жеткізе аламыз. Сонымен қатар Қазақстан ЖІӨ көлемі 2,6 триллион доллар болатын Еуразиялық экономикалық одақ нарығына жол аша алады. Біз Қытай-

мен шекаралас елміз. Бұл «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясында сауда-саттық жүргізуге жақсы мүмкіндік, – деді Мемлекет басшысы.

Жаңартылатын энергия секторындағы ықпалдастық

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика секторы екі ел экономикасының негізгі қозғаушы күші саналатынын, Қазақстан мұнай және газ қорын барлау үшін мол мүмкіндіктер ұсынуға дайын екенін айтты. Энергетика саласындағы Катар компанияларын геологиялық барлау, мұнай химиясы, мұнай мен газды тасымалдау, өңдеу жобаларына белсенді атсалысуға шақырды. Жаңартылатын энергия секторындағы ықпалдастық мәселесіне арнайы тоқталды. Қазақстанның бір триллион-киловаттқа бағаланған жаңартылатын энергия көздерінің әлеуеті осы саладағы жаһандық ойыншылардың назарын аударып отырғанына маңыз берілді. Жалпы алғанда, олар 43 гигаваатт қуат өндіретін бірнеше жобаны жүзеге асыруға міндеттеме алған. Nebras Power компаниясы Қазақстанда қуаты 350 мегаватт болатын су электр станциясын салуға, Pearl Overseas компаниясы қуаты 1,1 гигаваатт болатын бу-газ қондырғысын орнатуға ниеттеніп отыр. Президент Катар компанияларын кобальт, литий және басқа да әлем экономикасына қажет аса маңызды шикізат түрлерін өндіру және өңдеу ісіне атсалысуға шақырды.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы саласындағы серіктестікке үлкен үміт артатынын атап өтті. Қазақстан Катар нарығына халал және табиғи таза ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізетін сенімді серіктес бола алады. Nassad Food компаниясы елімізде бидай мен бұршақты терең өңдейтін зауыт салуға қызығушылық танытқан. Қазақстан бұл бастаманы қолдауға әзір.

Цифрландыру секторы да екі елдің күн тәртібіндегі басым бағыттардың бірі. Осы ретте Power International Holding компаниясының Қазақстандағы телекоммуникация нарығында негізгі ойыншылардың біріне айналу жоспарына құптау білдірілді. Сонымен қоса, медицина, фармацевтика және биотехнология салаларындағы байланыстар екі ел ықпалдастығының тағы бір маңызды бағыты ретінде аталды. Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, Катар бизнесмендерін биыл маусым айында өтетін Астана халықаралық форумына қатысуға шақырды. «Дөңгелек үстел» қорытындысы бойынша Қазақстан мен Катар іскер топтарының арасында бірқатар құжаттарға қол қойылды.

• **Қазақстан Президенті Дохаға мемлекеттік сапары аясында Катардың ірі бизнес құрылымдарының басшыларымен бірқатар кездесу өткізді.**

Al Faisal Holding компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы, Катар кәсіпкерлері қауымдастығының төрағасы, Қазақстанмен іскерлік ынтымақтастықты үйлестіруші Фейсал бен Қасым Әл-Тәммимен жүздесуде екі-

жақты экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты нығайту, құрылыс, туризм және қонақ үй бизнесі салаларындағы ынтымақтастық, сондай-ақ білім беру бағыты бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Al Faisal холдингіне Астанада Қазақстан мен Катар арасындағы достық қарым-қатынастың символына айналатын айтулы ғимарат салу перспективасын қарастыру ұсынылды.

Әлемдегі ең ірі дербес қорлардың бірінің басшысы – Qatar Investment Authority компаниясының бас атқарушы директоры Мансур Ибрагим Әл-Махмудпен кездесу барысында бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және қаржы саласындағы ықпалдастық мәселелері талқыға түсті. «Астана» халықаралық қаржы орталығында бірлескен қазақ-катар тікелей инвестициялар қорын құру мүмкіндігі қарастырылды.

Катардың Power International Holding компаниясының иелері Муатаз Әл-Хаят пен Рамез Әл-Хаятпен кездесуде экономиканың түрлі секторындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың перспективалары қаралды. Муатаз Әл-Хаят пен Рамез Әл-Хаят Президентке Қашағанда газ өңдеу зауыттарын, Қызылорда облысында бу-газ қондырғыларының технологиясына негізделген электр станциясын салу жоспары жөнінде мәлімет берді. Сондай-ақ, жаңа компрессор станциясын салуға, Бейнеу – Бозой – Шымкент және Ақтөбе – Қостанай газ құбырларын жүргізуге ниет білдірді. Мемлекет басшысы еліміздің ұзақмерзімді энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бұл жобалардың ерекше маңызға ие екенін айтты. Power International Holding компаниясының Қазақстанның телекоммуникация секторына кіру жөніндегі жоспарын құптады.

Nebras Power компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Мұхаммед Нассер Әл-Хаджримен кездесуде энергетика саласындағы ынтымақтастықтың перспективалары және жаңартылатын энергия көздеріне инвестиция тарту мәселесі талқыланды. Мемлекет басшысы Nebras Power компаниясы-

ның елімізде жаңартылатын энергия көздерін дамытуға қызығушылық танытып отырғанын жоғары бағалады. Өз кезегінде Мұхаммед Нассер Әл-Хаджри «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамымен бірлесіп, Қазақстанда су-энергетика жобасын жүзеге асыруға қатысты жоспарын жеткізді. Президент сапары аясында мүдделі тараптар арасында тиісті келісімге қол қойылды. Сонымен қатар, әңгімелесу барысында энергетика секторында метан қалдықтарын азайту жөніндегі ынтымақтастық мәселелері, аса маңызды өңірлік және жаһандық мәселелер талқыланды.

• **Катар Мемлекетінің Консультативтік Кеңесі мүшелерінің алдында сөз сөйлеген Қазақстан Президенті қазіргі жаһандық және өңірлік күн тәртібіне қатысты Қазақстанның ұстанымын білдірді.**

Қасым-Жомарт Тоқаев – Консультативтік Кеңестің алдында сөз сөйлеген алғашқы шетел президенті. Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымының төрағасы ретінде серіктестіктерімен және бақылаушыларымен, соның ішінде Катармен диалог жөніндегі ықпалдастықты жандандыра түсуді жоспарлап отырғанын жеткізген Президент климаттың өзгеруі және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі міндеттемелердің орындалу барысына тоқталды.

– Маусым айында 2-ші Астана халықаралық форумын өткіземіз. Тақырыбы – «Баянды болашақты бірге құрайық». Бұл алаң климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік секілді көптеген өзекті проблеманы шешу үшін күш біріктіруге ықпал етеді деп сенемін. Бұдан бөлек, Қазақстан мен Франция Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясы аясында Опе Water салалық саммитіне тең төраға бола мақ. Сонымен қатар, Астана 2026 жылы БҰҰ аясында Өңірлік климат саммитін өткізуге ниетті. Бұл да маңызды. Климат проблемасын осындай ұжымдық іс-әрекет пен ынтымақтастықтың арқасында ғана шешуге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

● БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ КАТАРҒА САПАРЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Instagram желісіндегі парақшасында Катар еліне жасаған алғашқы мемлекеттік сапарының қорытындысын жариялап, оның нәтижелерін жоғары бағалайтынын жазды. «Катарға алғашқы мемлекеттік сапардың қорытындыларын жоғары бағалаймын. Катар Мемлекетінің Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл-Тәммиммен мазмұнды келіссөз нәтижелері бойынша қазақ-катар қарым-қатынастары стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгенін айрықша атап өткім келеді. Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың ерекше сипатын сапар аясында қол қойылған өте маңызды құжаттар дәлелдейді. Катар Мемлекетімен өзара тиімді ықпалдастықты бауырлас халықтарымыздың игілігі үшін арттыра береміз», делінген Президент жазбасында.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: www.akorda.kz).

МАЗМҰНДЫ ЖОБАЛАР

Катар – Қазақстанның стратегиялық серіктесі



Катар арасында, білім және ғылым саласынан бастап, денсаулық сақтау, энергетика, телекоммуникация саласына дейін бірнеше маңызды мемлекетаралық меморандумдарға

қол қойылды. Катар үшін Орталық Азия елдерімен, соның ішінде Қазақстанмен өзара сенімге негізделген байланыста болу өте маңызды. Мысалы, «Орта дәліз» ретінде та-

нымал Транскаспий халықаралық көлік логистикалық жолы, Парсы шығанағында Катар үшін, баламалы сауда жолын қалыптастыру үшін өте маңызды.

ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ӨЗАРА ҚОЛДАУ

Сонымен қатар, еліміз Катар нарығына жалпы құны 250 миллион АҚШ доллар болатын 60 шикізаттық емес тауар экспорттауға дайын екендігін жеткізді. Сәйкесінше, қос мемлекет арасындағы сауда айналымы, алдағы уақытта 500 миллион АҚШ долларынан асатын болады. Алғаш рет Қазақстан мен Катар арасында қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек, жемқорлықпен күрес қызметтері арасындағы серіктестік және қазақстандықтардың Катарда жұмыс істеуін реттеу бойынша үкіметаралық келісімге қол қойылды. Телекоммуникация саласында да маңызды келісімдерге қол жеткізілді. Қазақтелеком ұлттық компаниясына тиесілі «Мобайл телеком-сервис» (Tele2/Altel брендтерімен танымал) компаниясын Катардың Power International Holding компаниясы сатып алуды қарастыруда. Жаһандану негізінде мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық байланыс мемлекеттер арасындағы географиялық алшақтыққа қарамастан жоғары деңгейде жүреді. Катар мен Қа-

зақстанның ортақ тұсы – екі мемлекеттің де стратегиялық маңызына геоэкономикалық ерекшелікке иелігінен бөлек, өзара импорттық, экспорттық жобаларды бірлесіп жүзеге асырудағы мүдделестігі. Алайда, Катар мен Қазақстан байланысы тек экономикалық, сауда, инвестициялық бағыттармен шектелмеуі қажет. Мемлекеттік сапар нәтижесінде Қазақстан–Катар байланысы ауыл шаруашылығы, энергетика, логистика, мұнай газ өндірісі, цифрландыру және тағы басқа да салаларды да қамтыды. Қос мемлекет әлеуетін ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, туризм және т.б. бағыттар бойынша дамыту негіздерін Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сапар барысында атап өтті. Себебі, аталмыш мәселелер бүгінде екі мемлекет үшін ғана емес, тұтас аймақ елдері үшін өзекті.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.





ӘУЕЖАЙ

ӘЛЕМДІК СТАНДАРТ

Алматы Халықаралық әуежайы жаңа терминалының құрылысы маусым айында аяқталады

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алматы халықаралық әуежайының салынып жатқан жолаушылар терминалына барып, тіркеу, ұшу, күту залы, ұшып келу, жүк беру және қалаға шығу аймақтарындағы жұмыстардың барысымен танысты.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы халықаралық әуежайының президенті Альп Эр Тунга Эрсой хабарлағандай, қазір жаңа халықаралық терминал ғимараты 87%, орталық инженерлік қондырғы 99%, әуеайлақ 93%, вокзал маңы аумағы 78%, эстакада 80% дайын.

Әуежай президентінің айтуынша, бүгінде терминал үшін барлық қажетті техника мен әуежай жабдығы, атап айтқанда, жүктерді басқару жүйесі, жолаушылар басқышы, лифтер, эскалаторлар, жолаушылар конвейерлері, рөк шкафтары, жүкті сақтау және тасымалдау жүйелері секілді құрылғылар толығымен сатып алынған. Жаңа терминалда жолаушылардың жайлылығы үшін ана мен бала бөлмелері қарастырылған. Әр қабатта мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қажетті жайлылық, балаларға арналған ойын алаңы, сонымен бірге демалыс бөлмелері, Co-working аймақтары, үй жануарларына арналған дәретхана сияқты қосымша ыңғайлы орындар бар. Сонымен қатар, жаңа терминалда Қазақстандық авиация музейі болады.

Тұжырымдамаға сәйкес, ескі терминал жөндеуден кейін ішкі рейстер үшін пайдаланылады. Ал жаңа терминал ескі терминалмен жерүсті өткелі арқылы жалғанады. Жаңа



терминал жолаушыларға ғимараттың сыртына шықпай-ақ ішкі және халықаралық рейстерге оңай баруға мүмкіндік береді.

Жолаушыларды шекара қызметі желісі бойынша паспорттық бақылаудан өту кезінде заманауи және қолайлы жағдаймен қамтамасыз ету үшін жаңа терминалда ұшу аймағында 20 кабина (8 бірлікке көбейту), ұшып келу аймағында 32 кабина (13 бірлікке көбейту), Қазақстан Республикасының азаматтары үшін ұшып кету – ұшып келу аймағында автоматтандырылған өткізу жүйесі бойынша 4 бірлік жабдық, 4 жүк лентасы, ыңғайлы жүріп-тұру үшін жолаушыларға арнап ақпараттық дүңгіршектер орнатылады. Бұған қоса, ұшып келу аймағындағы 5-тен 11-ге дейін және ұшып кету аймағындағы 4-тен 7-ге дейін кедендік пункттер ұлғайтылады.

Қала басшысының жұмыс сапары барысында әуежайдың жаңа халықаралық терминалының құрылысы туризмді дамытудың негізгі факторының бірі болып табылатыны атап өтілді. Қазіргі терминалды жаңартуды ескере отырып, Алматы халықаралық әуежайының жалпы өткізу қабілеті жылына 14 млн жолаушыға дейін ұлғаяды (2023 жылдың қорытындысы бойынша әуежайға өткізу қабілеті 2,7 млн адам болған кезде 9,5 млн адамға қызмет көрсетті). Жаңа терминалдың телескопиялық басқыштары бортың көлеміне байланысты бір уақытта жеті ұшақты қабылдай алады. Осылайша биыл шетелдік туристер саны 520 мың адамға, ал 2030 жылға қарай 1 млн адамға дейін өседі деп болжанып отыр.

Ерболат Досаев жоғары әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сапалы құрылыс материалдарын пайдалану мәселесіне ерекше назар аударуға шақырды. Альп Эр Тунга Эрсойдың айтуынша, нысандағы құрылыс материалдарының сапасын бақылау Анталия, Тунис, Анкара, Скопье, Загреб және т.б. сияқты әуежайларда TAV Airports Holding компаниясы іске асырған жобалардың стандарттары негізінде жүргізіледі.

Алматы қаласының әкімі жаңа терминалдың құрылысын осы жылдың маусым айында аяқтауды тапсырды.

СЕМИНАР



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК

Өзара түсіністік
маңызды

Алматы қаласы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелеріне арналған оқыту семинары ұйымдастырылды.

Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру тобы жұмысының ашылу «дөңгелек үстелі» және бір күндік оқыту семинары өтті.

«Дөңгелек үстелге» дінтанушылар, исламтанушылар, психологтар және т.б. дін саласындағы білікті мамандар қатысты.

Өз кезегінде, спикерлер ақпараттық-түсіндіру жұмыстарында қоғамда радикалды идеологияға деген иммунитетті және радикалды көріністерге төзімділікті қалыптастыруға бағытталған, халық арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл туралы айтып өтеді.

– *Іс-шараның негізгі бағыты – ақпараттық түсіндіру, талдау жұмыстарын жасау. Сондай-ақ, 2024 жылы өткізілетін жоспарды талқылады. Дін өте нәзік мәселе. Осыған қатысты түйткілдердің түйінін тарқату үшін арнайы мамандарды жинап, кеңестік. Сонымен бірге, дін мәселесінде қоғам арасында олқылық шығуы үшін біраз дүниені сарапшылармен бірге ортаға салдық, –* деді Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарманың басшысы Нұрлан Қиқымов.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жаңбыр жауып,
көктайғақ
болады

Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы көктайғаққа қарсы шараларды пысықтады.

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша, 16 ақпанның таңынан бастап 17 ақпанның түніне дейін Алматы қаласында жауын-шашын болады, оның арты қалың қарға ұласып, ауа температурасы кешке қарай минус 20 градусқа дейін төмендейді.

18 ақпанға қараған түні минус 22 градусқа дейін, күндіз 17 ақпанда минус 14-ке дейін күн суытады. Ал 16 ақпанда таңертең тұман, жолдарда көктайғақ болады деп болжануда.

Түнде көктайғақтың алдын алу мақсатында дислокация орындарында 176 құм таратқыштың кезекшілігі жоспарланған. Қар тазалау жұмыстарына барлығы 483 бірлік арнайы техника мен 1180 жол жұмысшысы жұмылдырылады.

Болжамды көктайғаққа, жолдардың жүріс бөлігін қардың басуына, тротуарлардағы көктайғаққа байланысты автокөлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілерден қауіпсіздік шараларын сақтауды сұраймыз. Жүргізушілерге жылдамдықты төмендетуге, автомобильдер арасындағы қашықтықты арттыруға, қатарларды сақтауға және кенеттен маневрлерден аулақ болуға кеңес береміз.

16 ақпанда қарды тазалау және 17 ақпанда түнгі кезеңде қарды жаппай сыртқа шығару бойынша арнайы техника колонналарының жүруіне байланысты автокөлікті жол жиектеріне қоймауды сұраймыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТУРИЗМ

АЛМАТЫНЫҢ ДИЗАЙН-КОДЫ:
жетілдіру жұмысының жемісі

Алматы қаласының кәсіпкерлер палатасында Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының өкілдері жаңадан қабылданған қала дизайн-кодының брендбуктарын әзірлеу тәсіліне ұсыныс жинаумен байланысты семинар өткізді.

Айнабай
МӘДІ

Былтыр 29 желтоқсанда Алматы қаласының дизайн-коды қабылданды. Дизайн-код осы жылдың наурызында қолданысқа енгізілуі тиіс. Кәсіпкерлерге жаңа талаптарға көшуге 1,5 жыл мерзім берілді. Кәсіпкерлерге жаңа талапқа бейімделу аясында бастапқы кезеңдерде субсидиялау нұсқалары қарастырылуда. Дизайн-код туралы заң қалалық ортаның мынадай нысандарын реттейді:

- түрлі ақпарат тасымалдауыштарды рәсімдеу мен толтыру, сондай-ақ ақпарат орналасқан объектіні әрлеуге қойылатын талаптар;

- навигация жүйесінің элементтерін орнату мен безендірудегі талаптар;
- көше жиһазын, стационарлық емес сауда объектісін таңдау мен орналастыруға, қала аумақтарын құрылыстың негізгі морфотипіне қатысы жоқ жіктеуге қойылатын талаптың базалық тізбесі;
- жергілікті табиғи-климаттық жағдай, жасыл кеңістіктің ерекшелігі мен экологияның қажеттілігін ескере келе, қалалық ортаны көгалдандыру бойынша ландшафт дизайнына қойылатын талаптар;
- қасбеттік элементтерді безендіру мен әрлеудегі талаптар;
- уақытша қоршау элементтерін рәсімдеудегі талаптар.

Мұндай семинар әр брендбукке сұранысты талқылау және қалыптастыру бойынша ең тиімді сараптамалық жұмыс жүргізуші үшін өткізілуде. «Атамекен» өңірлік палатасы жанындағы Туризм жөніндегі кеңестің бірінші отырысына: «Қазақстан туристік қауымдастығы» ЗТБ директоры Рашида Шайкенова, ҚР Альпинизм және спорттық альпинизм федерациясының вице-президенті Бағлан Жүнісов, «Алматы қаласы мәслихатының депутаты Назерке Мұндаханова, т.б. көрнекті қайраткерлер, кәсіби-практиктер қатысты. Жиынды жүргізуші Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының төрағасы Нұрсұлтан Шоқанов туризм саласындағы бизнес-қоғамдастық белсенділігінің қаланы дамытудағы маңызын баса айтты.

«Туризм саласының алдында тұрған нақты міндет – өңірдің туристік әлеуетін ілгерілету және дамыту, туристерді көбірек тарту, туристің демалысы мен серуені үшін қолайлы жағдай жасау, инфрақұрылым мен қызметтерді жақсарту, сондай-ақ қауіпсіздік пен жайлылық деңгейін арттыру», – деп атап өтті Нұрсұлтан Шоқанов.

Осы мақсаттарды іске асыру үшін Туризм кеңесінің жұмысы өзгертілді. Енді консультативтік-кеңесші орган қоғамдық бастамалардан кетіп, іскерлік қызметке ауысады. «Біз ресурстарды, адами капиталды дамытуға көп көңіл бөлеміз. Алғашқы қадамдар жасалды – кеңестің жұмысы қайта форматталды. Бұл шаралар кейіннен өңірлік палатаның жұмысын қалыптастыратын стратегиялық міндеттерді шешуге дұрыс көзқарасты айғақтайды. Баршаңызға сәттілік тілеймін», – деді Рашида Шайкенова.

Кеңес туризмді дамытудың үлкен әлеуетін көріп отыр. Сонымен қатар, қаланың архитектуралық көрінісі мен көшедегі жазу, жарнама мазмұнын реттеу үлкен маңызға ие. Туризм кеңесі шеңберінде өткен семинар бизнес тәжірибесін, сұраныстарды, негізгі проблема мен мүмкіндікті талдауға бағытталған. Кәсіпкерлермен диалог нәтижесі техникалық тапсырманы қалыптастырып, брендбук шешімін жетілдіру кезінде пайдаланылатын болады.



БАСТЫ БАҒДАРЛАР САРАЛАНДЫ



(Басы 1-бетте).

Бизнес ортасы дамыған аудан

Биыл Әуезов ауданының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға, сыртқы жарықтандыруды жаңғырту мен спорттық, шығармашылық үйірмелерді жүзеге асыру үшін 36 млрд теңге бөлінді. Осылайша ауданды қаржыландыру өткен жылмен салыстырғанда 40 пайызға өсті.

– Әуезов ауданы – ең тығыз қоныстанған әрі инфрақұрылымы мен бизнес ортасы мықты дамыған аудан. Мұнда қаланың әрбір алтыншы бизнес субъектісі жұмыс істейді. 2023 жылы ШОБ белсенді субъектілерінің саны өткен жылмен салыстырғанда 14%-ға, яғни 52 мыңға дейін өсті. Бұл Әуезов ауданында 7 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын құруға және салық түсімін 36%-ға, 218 млрд теңгеге дейін арттыруға мүмкіндік берді, – деп атап өтті қала басшысы.

Функцияларды орталықсыздандыруды ескере отырып, Әуезов ауданының бюджеті өткен жылы 2,2 есеге, яғни 11,5-тен 26 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Былтыр «Халық қатысатын бюджет» жобасын іске асыруға Алматының барлық аудандарына 15,5 млрд теңге бөлінсе, биыл бұл жобаның бюджеті 17 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.

Биыл 20 мыңнан астам ағаш отырғызылады

Әуезов ауданында 20 мыңнан астам көшет пен 180 шақырымға жететін автосуару желісін жүргізу жоспарда бар.

Өткен жылы аудан бойынша көгалдандыру жұмысы аясында 10 мың көшет отырғызылды. Биыл тағы 20 мың ағаш отырғызу жоспарда бар. Сонымен қатар, осы жылы ағаштарды күтіп-баптау үшін ұзындығы 180 шақырымға жететін аумағы 34 гектар алаңына автосуару жүйесін тарту жоспарланған. Қала әкімінің айтуынша, монтаждау жұмыстары биылғы жылдың маусым айында басталады.

42 шақырымнан астам электр желілері жаңғыртылады

Биыл Әуезов ауданында инвестициялық бағдарламалар аясында 25 шақырым электрмен жабдықтау желілерін және 23 трансформаторлық, 1 тарату қосалқы станциясын жаңғырту жоспарланған.

– Сапалы инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету біз үшін негізгі бағыттардың бірі. Былтыр тұрғындарды тұрақты электр қуатымен қамтамасыз ету бойынша жұмыс атқарылды. 30 шақырым электр беру желілері ауыстырылып, 17 трансформаторлық және 69 тарату подстанциясы модернизацияланды, – деді қала басшысы.

Аудан әкімдерінің өкілеттіктерін кеңейту мақсатында жарық желілеріне қызмет көрсету жұмыстары әкімдердің құзыретіне берілді. Өткен жылдың қараша айында Әуезов ауданының әкімдігі «Алматы Қала Жарық» мекемесімен шарт жасасты. 3 айдың ішінде 9,5 шақырым кабель желісі ауыстырылып, 471 шам орнатылды, 749 LED-шам ауыстырылды және 263 шам жөндеуден өтті.

– Биыл 42 шақырымнан астам кабель желілері жаңартылып, 5 мыңнан астам жарық шамдарын LED-шамдарға ауыстыруды жоспарлап отырмыз. Әуезов ауданы сапалы жарықпен толық қамту үшін наурыз айында 81 сыртқы жарық желісін салу бойынша жобалау-металық құжаттаманы әзірлеу басталады, – деді Ерболат Досаев.

Мақсат – тұрғындарды сапалы ауызсумен, кәріз жүйесімен қамтамасыз ету

Биыл наурыз айында «Мамыр-4» ықшамауданында 4,5 шақырым сумен қамту және 9,5 шақырым су бұру желілерін салу басталады. Бұл жұмысты 2025 жылдың наурыз айында аяқтау жоспарланып отыр. Жаңа инженерлік коммуникациялар 197 үй мен 750 тұрғынды қамтиды.

– Жандосов – Саин – Шалапин көшелері мен Қарғалы өзені бөлігінде 20 шақырым сумен қамту және 22 шақырым су бұру желілерін салу жоспарланған. Құрылыс-монтаждау жұмыстары

2024 жылдың мамыр айында басталады. Бірінші кезеңде 4,8 млрд теңге бөлінді, – деді қала басшысы.

Тұрғындарды сапалы ауызсу мен кәріз жүйесімен қамтамасыз ету мақсатында Саин мен Ұлықбек көшелеріндегі 4 шақырым желі қайта жаңартылды. Сонымен қатар, Төле би көшесінің Саин көшесінен Момышұлы көшесіне дейінгі ұзындығы 1 шақырым су құбыры қайта жаңартылып жатыр. Бұл жұмыс биыл наурызда аяқталады. Бұл учаскелердегі су мен кәріз желілері 1960–1970 жылдары салынған. Жалпы ұзындығы – 59,3 шақырым.

Бұған қоса, бұрынғы «Восход», «Садовод» пен «Ардагер» бау-бақша серіктестіктерінің 8 көшесіндегі 5,2 шақырым инженерлік желінің құрылысы аяқталуға жақын. Қазір абоненттерді желілерге қосу жұмыстары қолға алынған, жұмыс наурызда аяқталады.

Қала әкімі өткен жылдың қыркүйек айында «Достық» ықшамауданында жалпы сомасы 1,1 млрд теңгеге су бұру желілерінің

құрылысы басталғанын тілге тиек етті. Оның айтуынша, бүгінде ұзындығы 3 шақырым болатын Розыбакиев, Терме, Тәуке хан көшелеріндегі инженерлік желілердің құрылысы жартылай аяқталды. Қаржыландыру көлемі тағы 1,4 млрд теңгеге ұлғаяды (жалпы сомасы 2,5 млрд теңге). Бұл жұмыстар наурыз айында қайта басталып, 2024 жылдың соңына дейін жалғасады.

2024 жылы «Мамыр» ықшамауданында және Саин көшесінің бойындағы жалпы ұзындығы 3,2 шақырымды жылумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту жоспарланған. Соның 2,3 шақырымы өткен жылы аяқталды. Қалған 900 метр қыркүйек айының соңына дейін аяқтауды көздеп отырмыз, – деп түйіндеді сөзін қала басшысы.

ҚЫСҚА-НҮСҚА

• Өткен жылы магистральды көшелердегі үнемі су басатын 6 проблемалық учаске жойылды (Төле би мен Яссауи көшелері, Райымбек даңғылы мен Момышұлы, Райымбек даңғылы мен Яссауи көшесі, Абай мен Алтынсарин даңғылдарының қиылысы, Цветочная көшесі, Момышұлы көшесі).

• Өткен жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында ауданда жалпы сомасы 800 млн теңгеге барлығы 16 жоба жүзеге асты.

10 қоғамдық кеңістік құрылды (1, 5, «Тауғұл» ықшамаудандары, Үлкен Алматы өзенінің жағалау аймағы), 6 бос учаске абаттандырылды (9, 12, «Ақсай-3 Б», «Ақсай-5», «Мамыр» ықшамаудандары).

• Жайлы қалалық орта құру аясында биыл ақпан айынан бастап Сайран көлінің айналасындағы 47 гектар аумақты абаттандыру жобасын іске асыру басталды.

• Аула аумақтарын абаттандыру шеңберінде өткен жылы 161 аулада (7, 8, 9, 10, 11, 12, «Жетісу-1, 2, 3, 4» ықшамаудандарында) күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. 13 аула аумағында (1, 4, 5, Ақсай-1, «Ақсай-3 Б», «Ақсай-4» ықшамаудандарында) ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды. Биыл тағы 23 ауланы күрделі жөндеу өткізу жоспарланған. Жұмыс мамыр айынан басталады.

• «Қуаныш» ықшамауданында ауысымына 300 келушіге арналған №18 емхананың жаңа негізгі ғимаратын салу үшін ауданы 0,5 гектар болатын жер учаскесі сатып алынды. Жобалау-металық құжаттаманы әзірлеуді мамыр айында бастау жоспарланып отыр.

• «Алтын бесік» ықшамауданында 120 балаға арналған балабақша құрылысы жүргізілуде. Аяқталу мерзімі – 2024 жылдың шілдесі.

• Биыл мамыр айында 10-шы ықшамауданда 160 балаға арналған балабақша салу үшін жобалау-металық құжаттаманы әзірлеуге мемлекеттік сараптама қорытындысы алынады.

• «Тауғұл» ықшамауданындағы апатты жағдайдағы балабақша ғимаратының орнына 120 балаға арналған жаңа балабақша ғимаратын салу жобаланған. Мемлекеттік сараптаманың шығу мерзімі – 2024 жылдың қазан айы.

• №52 балабақшаны («Ақсай-2» ықшамауданы, 51-үй) сейсмикалық күшейтіп, күрделі жөндеу жүргізу, жобалық қуатын 195 орыннан 320 орынға дейін ұлғайту жоспарлануда. Құрылыс-монтаждау жұмысы биыл маусым айында басталады.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

«ДҮНИЕНІ ЖАЛТ ҚАРАТСАМ ДЕП ЕДІМ...»

Шөмішбай Сариев
музей-бұрышы ашылды

Алматы қаласы мемлекеттік архивінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, I дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің иегері, «Франц Кафка атындағы Алтын медаль» сыйлығының, «Платина Тарлан» сыйлығының, «Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлығының лауреаты, ақын Шөмішбай Сариевтің құрметіне «Дүниені жалт қаратсам деп едім...» атты музей-бұрышы ашылды.



Ернұр
РЫСБАЙ

Салтанатты іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, ақынның жұбайы Жұмакүл Сариева, сондай-ақ жақындары, достары мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

«Қазақ халқың жарты ғасырдай әнімен тербеген ұлттың аса көрнекті ақыны Шөмішбай Нағашыбайұлын білмейтін қазақ жоқ шығар. Бүгінгі іс-шараның маңызы жоғары, әрі өзінің бақилық болған күніне сәйкес келіп отыр. Мәңгілік өмірі халықтың жүрегінде, дәл осы архив ғимаратында жалғаса беретініне сенімдіміз. Ол аңыз адам еді. Артында мол дүние қалдырды. Қазақтың маңдай алды, күміс көмей, жез таңдай өнер жұлдыздары шырқап жүрген талай әнді шығарған. Халық аузында жүрген көптеген әні осы ақынның қаламынан шыққан. Қазақтың рухын көтеруге, музыкалық талғамын, ішкі мәдениетін қалыптастыруға айрықша еңбек сіңірген болатын. Дәл осы себепті ақынның бұл архивте тұрған еңбектері үлкен құндылыққа ие», – деді Арман Оразбайұлы.

Иә, Алматы қаласының мемлекеттік архивінде №650 болып тіркелген бұрыштың маңызы ерекше. Музей-бұрышына Шөмішбай Нағашыбайұлының құнды құжаттары, еңбектері, өзінің қолданған жеке заттары қойылып отыр. Осы орайда ақынның жұбайы Жұмакүл Сариева да сөз алды.

«Бұл күн мен үшін ерекше, әрі тарихи күн болып отыр. Алғаш 2014 жылы осы архивке құнды қолжазбаларын, бағалы құжаттарын тапсырған болатынымын. Осы уақыт аралығында 135-ке жуық затын тапсырдым. Оның ішінде отызға жуық кітабы қойылған. Қолданған жеке заттарының қатарында шапанына дейін бар. Алдағы уақытта да толықтыратын боламын. Шөмішбайды халық «Қос қанатты ақын» деп атап кеткен. Бір қанаты – поэзия болса, екінші қанаты – ән жанры. Қаншама жыл өтсе де оның жазған әндері халық аузынан түскен емес. Менің асүйімде таңертеңнен Қазақ радиосы ойнап тұрады, сол жерден Шөмішбайдың әнімен оразамды ашам десем де болады. Келешек ұрпақ үшін маңызы жоғары осындай бұрышты ашуға қолдау көрсеткен Алматы қаласының әкімдігіне ризашылығымды білдіремін», – деді ақын жары.

Алматы қаласы мемлекеттік архивтің жинақтау бөлімінің басшысы Нағима Нұғманова да бұрыштың маңыздылығын атап өтті. Ал ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Халық артисі Мақпал Жүнісова ақынның сөзіне жазылған әнді шырқап, құлақ құрышын қандырды.

«Менің де өнер жолымдағы бағымды ашқан осы кісінің әндері еді. Репертуарымда Шөмішбай ағаның сөзіне жазылған отызға жуық ән бар. Ол әндерді әлі де сахнада шырқап жүмін. Бұндай ұлы тұлғаның әнін шырқап жүргенімді мақтан тұтамын. Біз Шөмішбай Нағашыбайұлын ешқашан да ұмытпаймыз», – деді әнші.



АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

ӘЛЕМДІК АРЕНАДАҒЫ
ЖАҢА ЖЕТІСТІК

Қазақстан алғаш рет әлемнің «Орта державалары» тізіміне енді

(Басы 1-бетте)

Сыртқы саясат

SWP мамандарының пікірінше, Қазақстан Орталық Азия мемлекеттері арасында өзінің сыртқы саясатымен ерекше көзге түседі. Бұл оны аймақтағы негізгі ойыншыға айналдырады.

Атап айтқанда, Қазақстан Батыс пен Қытаймен, әсіресе, шикізат секторында экономикалық қатынастарды біртіндеп дамытуда.

Көрінілес Ресей мен Қытайдың ұтымды жағдайының аясында Қазақстанның сыртқы саясатының миссиясы екі өңірлік державаның сыртқы байланыстардың барынша кең спектрі арқылы ықпалын тежеу болып табылады, бұл маневр жасау үшін кеңістікті барынша кеңейтуге мүмкіндік береді.

Мұндай тәсілді сарапшылар одақтар мен серіктестерге прагматикалық көзқарас ретінде сипаттайды, бірақ сонымен бірге бірлескен аймақтық дамуға деген айқын ұмтылыс байқалады. Басқаша айтқанда, «тәуелсіз негіздегі ортақ жауапкершілік».

Айтпақшы, жауапкершілік туралы. Сарапшылар Қазақстан өз амбициясын ерте кезеңде халықаралық саясатта жүзеге асыра алғанын мойындайды. Мысалы, ел Еуропадағы қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалық етті және Сирия қақтығысын реттеуге ортақ диалог алаңын ұсынды. («Астана процесі»). Еуразияның бірқатар басқа ықпалды ұйымдарына мүшелік туралы да айтылады.

Тұрақты даму

Серіктестерді әртараптандыру тұрғысынан Қазақстан да айтарлықтай жетістіктерге жетті. Орталық Азиядағы көршілес нарықтардан айырмашылығы, қазақстан-



(sayasat.kz)

дық 1990 жылдары Батыс инвесторлары үшін бірінші кезекте мұнайдың бай қорларын барлау үшін ашылды.

Нәтижесінде Еуропалық Одақ Қазақстандағы ең ірі шетелдік инвестор болып табылады және сыртқы сауданың 40% үлесі елдің ең маңызды экономикалық серіктесі болып табылады.

Өзбекстан 25 жыл бойы протекционистік (және тіпті оқшаулау) саясатты ұстанды және тек 2016 жылы «өзін әлемге ашты».

SWP пікірінше, украиналық қақтығыс Қазақстанға әртараптандыру тұрғысынан жаңа серпін берді. Бұған салынып жатқан жаңа көлік бағыттары, жаңартылатын энергия көздері мен қайта өңдеу өнеркәсібі секторына инвестициялар тарту жөніндегі ақпараттық науқан дәлел бола алады.

Сарапшылардың қызығушылығы Қазақстанның әртараптандыруға деген ұмтылысында Қытайдың «Жібек жолына» ғана емес, ЕО-ның «жаһандық қақпа» стратегиясына да сүйенетіндігінде. Осыған байланысты республика өзінің географиялық және тарихи рөлін «Шығыс пен Батыс арасындағы көпір» деп бекітеді.

Энергетика

Украина дағдарысы жағдайында Германия мен ЕО-ның көптеген елдері мұнай мен газдың кейбір көздерінен айырылды.

Мұнай-газ секторының әлеуетті экспорттаушылары қатарында және жаңартылатын энергия көздері саласында Қазақстан да өзін сенімді сезінуде. Дәл сол Германия

алдағы жылдары Қазақстанға (және кейбір басқа елдерге) нарықтық билік бере алатын сутегі серіктестігінің мүмкіндігін зерттеп жатыр. Мұндай билікті Шығанақ елдерінің мұнай саласындағы әсерімен байланыстыруға болады.

Бұл үшін Қазақстанға қажетті сәтте өзінің лайықты орнын алу үшін энергетикалық трансформацияға дайын болу өте маңызды.

Қорытынды

SWP мақаласы еуропалықтарға өзгеріс туралы ескертеді: енді олар бұрын стратегиялық қашықтықта болған елдермен – «бір жерде, алыс жерде» күресуге мәжбүр болады, дегенмен олармен серіктестік сол кезде де, қазір де экономикалық және саяси жағынан тиімді.

Еуропалық Одақ елдерінің ақпараттық күн тәртібінде Қазақстан жаңа экономикалық және саяси әріптес ретінде ғана емес, инвестициялар үшін алаң ретінде де жиі көрінеді деп күтуге болады. Бұл жерде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шетелдік сапарларын алға тартуға болады.

Осылайша 2023 жылғы жұмыс сапарлары кейбір еуропалықтардың санасында Қазақстанның идеологиялық көзқарастардан тыс өз мүдделерін сенімді қорғайтын және дипломатия өнері қажет болған жерде жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын егемен мемлекет ретіндегі бейнесін бекітіп үлгерді.

Әзірлеген Г.СЕМБАЕВА.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Нұрболат НЫШАНБАЙ,
саясаттанушы, «Болашақ» бағдарламасының түлегі:

Болашақта орта держава
мемлекеттерінің ықпалы күшейеді

Алдымен «орта держава» дегеннің не екенін анықтап алу керек. Халықаралық қатынастар тарихында мемлекеттерді статусы, ықпалы бойынша вертикалды негізде бөлу тарихи түрде XIX ғасырдан бастау алады. Алайда, құқықтық нормативтік негізде мемлекеттерді Ұлы держава, кіші мемлекет деп бөлу академиялық негізде қалыптаспағанымен, дипломатиялық байланыс аясында ұлы держава, кіші мемлекет ұғымдары мемлекеттің халықаралық саясаттағы ықпалына байланысты қолданысты.

XX ғасырда дүниежүзілік соғыстарға қатыспай, бейтарап саясат ұстанған Швейцария, Канада, Австралия сынды елдерге қарата саяси ғылымда қолданылды. Мәні бойынша орта держава ұғымы халықаралық тұрақтылыққа тікелей ықпал етпегенімен, оның пікірі, әрекетімен де санаспауға болмайтын ықпалға ие саяси күшті атаймыз.

Еліміздің орта державалар қатарына қосылуы бізге не бермек? Бұл сұрақ та көпшілігімізді толғандырады.

Халықаралық қатынастар жүйесі қазіргі таңда күрделі геосаяси турбуленттік кезеңді бастан өткізіп, ауқымды держава мемлекеттері арасында идеологиялық, геосаяси қақтығыстар орын алып, халықаралық құқықтық нормалардың жиі бұзылуы, халықаралық қауіпсіздік жүйесін дағдарысқа ұшыратуда. Сәйкесінше, халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде «орта держава» мемлекеттерінің ықпалы мен жауапкершілігі артуда.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған кезеңнен бастап халықаралық саясатта сенімді қатысушы, белсенді саяси актор ғана болып қоймай, аймақтық, халықаралық деңгейде саяси-экономикалық, логистикалық тұрақтылыққа тікелей және жанама ықпалға ие қатысушыға айналды. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының халықаралық саясаттағы ядролық қарудан бейбіт түрде бас тарту дипломатиясы, аймақтық және халықаралық деңгейде халықаралық ұйымдар аясында белсенді бастамалары мен жобалары халықаралық саясатты Қазақстанды қалыптасушы, белсенді орта держава акторы ретінде қалыптастырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық саяси жүйеде Қазақстанды Орта держава ретінде қалыптастыруда біршама жобалар атқаруда. 2023 жылы қыркүйекте, БҰҰ БА 78 сессиясында алғаш рет БҰҰ төрінен Қазақстанды орта держава деп атап өтті. Құжаттық негізде Қазақстан Республикасының 2020–2030 жылдарға арналған сыртқы саяси тұжырымдамасында алғаш рет Қазақстанды орта держава деп атап көрсетеді. Халықаралық геосаяси тұрақсыздық пен халықаралық құқықтың жиі бұзылуы, БҰҰ сынды ұйымдардың халықаралық тұрақтылықты сақтаудағы ықпалсыздығын ескерсек, болашақта орта держава мемлекеттерінің ықпалы артатыны сөзсіз.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы:

Еліміздің сыртқы саясатта
белсенділігі артады

Қазақстанның «орта держава» қатарына енгені туралы ақпаратты бәріміз де естідік. Халықаралық деңгейде мемлекеттерді бұлай бөлудің құқықтық негізі жоқ. Дегенмен, беделді сараптамалық орталықтың елімізді осы қатарға қосқаны қуанарлық жаңалық.

Жалпы, әлеуметтік ғылымда, халықаралық қатынастар теориясында мемлекеттерді бөлудің бірнеше жолы бар. Онда саяси-экономикалық, әскери, білім беру және ғылым, инновациялық әлеуеттер бойынша бөлінеді. Мысалы, суық соғыс кезінде биполярлы әлемде АҚШ пен КСРО ірі державалар қатарында болды. Олар әскери, саяси ықпалды мемлекеттер еді. КСРО ыдыраған соң АҚШ жалғыз ірі держава ретінде қалды. Бірақ 2000 жылдардан бері қарай әлем бірполярлы жүйеден көпполярлы жүйеге ауыса бастады. Бұл жағдайда ірі державалармен қатар орта, кіші державалар пайда бола бастады. Орта державалар әлемдік тәртіпке тікелей ықпал етпегенімен аймақтық деңгейде ықпалды ойыншыға айналды.

Орта және кіші державалардың пайда болуына не әсер етті? Басты себеп – халықаралық қатынастар жүйесіндегі дағдарыс. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін БҰҰ құрылды. Онда жеңімпаз 5 мемлекет Қауіпсіздік Кеңесі деп аталатын құрылымға мүше атанды. Оларға АҚШ, Ұлыбритания, Франция, КСРО (Ресей) және Қытай жатады. Дәл осы мемлекеттер атомдық қаруды иемденуге құқылы субъектілерге айналды. Ал қалған елдердің атомдық қаруды ұстауға құқығы жоқ. Яғни легитимді емес.

Соңғы уақытта Қауіпсіздік Кеңесі мүшелері арасында текетірес орын алуда. Тіпті, кейбір геосаяси қақтығыстардың себепшісіне де айналып отыр. Геосаяси текетірес әлемдік деңгейде түрлі дағдарысты тудыруда. Жағдайды реттеу мақсатында «орта держава» ұғымы пайда болды. Сарапшылар мен саясаткерлер орта державалардың әлемдік саясатқа белсенді араласуы мен шешім қабалдауға қатысуы геосаяси текетіресті реттеуге мүмкіндік береді деген пікірде. Бұл тұрғыдан келер болсақ, Қазақстанның әлемдік саясатқа ықпалының өсуіне мүмкіндігі бар.





ОЙТҮРТКІ

ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ...

Ата-ана баласын газет-журнал оқуға баулымаса, оның ештеңеге қызықпайтын, тек смартфон арқылы өзіне керексіз дүниелердің тұтынушысына айналатынын естен шығармауы керек

Бүгінде елімізде ең кішкентай оқырмандарға арналған 24 республикалық балалар басылымы бар екен. Олардың 4-еуін мемлекет қаржыландырса, қалғандары өз арбаларын өздері сүйреп келеді. Бұлай деуімізге себеп те жоқ емес. Неге десеңіз, қазіргі күні газет-журналдардың таралымы өте аз. Нағыз оқырман саусақпен санарлық десе болғандай.

Ал мектеп оқушыларының бәрінің болмаса да көбінің оқуға құлшынысы жоқ. Кітап түгілі, газет-журналды оқымайды. Тіпті, балаларға арналған қандай басылым бар екенін олардың ата-аналарының өздері де білмейді. Сондықтан дәл қазіргідей нарық заманында қалт-құлт еткен балалар басылымдарына қол созып, қолдауымыз қажет. Балалар басылымы дегенде ең алдымен біздің есімізге «Балдырған» мен «Қазақстан пионері» түседі. Бір кездері дәл осы басылымға кішкентай туындымыз жарқ етсе, бізге бұдан артық бақыт жоқтай көрінетін. Қазіргі танымал болған ақын-жазушылар мен журналистердің тұсауын осы екі басылым кесті. Болашақ «ақын-жазушылар» өздерінің ең алғашқы туындыларын осы екі басылымға жолдап, күнде пошта тасушының жолын аңдитын. Ал бүгінгі балалар мен басылым арасында байланыс бар ма?

Газет-журнал оқымайтын баланың ойы ұшқыр, қиялы жүйрік болуы мүмкін бе? Кез келген басылымның алдында «құлтқа қалай қызмет етеміз? «ұрпаққа қандай мұра қалдыра аламыз?» деген үлкен идея тұрады. Олар аға буын қалыптастырып кеткен үрдісті ары қарай жалғастыру, заман ағымына сай икемдеуді өз міндетіміз деп санайды. Бұл ретте ата-ана мен мектеп балаларға арналған ұлттық басылымдар туралы айтып, оның тіл ұстартуға, ойды өсіруге, танымды кеңейтуге тигізетін пайдасын балаға түсіндіріп отырғаны дұрыс. Ал балалар басылымын шығарушылар өз кезегінде оларға маңызды, қызықты материалдарға толы газет-журнал жасап беруге күш салып жатқаны анық. Мәселен, бұрын бүкіл бір сыныптың ақшасын сынып жетекшісі жинап алып, поштаға барып газет-журналдарға жазыла алатын. Қазір олай етуге шек қойылған. Шындап келгенде, нағыз оқырмандар мектептен басталады. Балалар басылымдарының негізгі оқырмандары да мектепте жүр. Балалар басылымына мектептер жазылмаса, оларды насихаттамаса, ертеңгі күні әлгі балалар әдебиетті қалай оқиды?

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дүйсен МҮСІРӘПҰЛЫ,
«Балдырған» журналының
Бас редакторы:

Ойланатын мәселе

Қазір оқырманға газет-журнал уақытында жетпейді. Таралым да маз емес. Мәселен, биылғы «Балдырғанның» тиражы 11,5 мың дана. Оның өзі республика бойынша нөмірі 1-ші журнал болып тұр. Ал басқа балалар басылымдарының тиражы 5 мың, 3 мың, 2 мың ғана болса, жекеменшік журналдар 800, 900 данамен шығып жатыр. Осының бәрі еңбек қой. Біз осының бәрін балаларға арнап шығарып жатқаннан кейін, балалар оқыса екен дейміз.

Аз уақыт бұрын елімізде «Балалар жылы» жарияланғанда балалар жазушысы ретінде, балаларға арналған бір басылымды басқарып отырған адам ретінде қатты қуандым. Қазір елімізде балаларға арналған 20-дан аса газет-журнал жарық көріп тұр. Олардың арасында газет бар, журнал да бар, сосын олардың мемлекеттігі де, жекеменшігі де бар. Мәселен, «Ақжелек», «Балдырған» журналдары мен «Ұлан», «Веселые ребята» газеттері мемлекет қамқорлығында. Бұл басылымдарды шығаруға қажетті қаражат министрлік тарапынан беріліп отыр. Соның арқасында аталған балалар басылымдары уақытында шығып, онда істейтін қызметкерлердің жалақысы уақытында беріліп тұр. Ал негізгі мәселе – балалар басылымдарының таралым мәселесі. Бір кездері 250, 280 мың таралыммен жарық көрген «Балдырған» журналы бүгінде он мыңға түсіп қалды. Сонымен қатар, кезінде 80 мыңнан аса таралымға жеткен «Ұлан» газеті қазір 5 мың данамен ғана шығып жатыр. Бұл ойланатын мәселе. Елімізде Оқу-ағарту министрлігіне қарайтын 9 мыңдай мектеп, Мәдениет министрлігіне қарайтын 8-9 мыңдай кітапхана бар. Шіркін-ай, осы мекемелердің әрбірі бір дана «Ұлан» газеті мен бір ғана дана «Балдырған» журналына жазылса да әжептәуір таралым болар еді ғой.



(Суретті түсірген Саян ҚҰСҚЫНОВ)

Раушан ДҮЙСЕБАЙҚЫЗЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, еңбек ардагері:

Әрбір оқырманның жөні бөлек

Кезінде ұзақ жыл мектеп басшысы болдым. Бүкіл басылыммен демей-ақ қояйын, сол жылдары ең негізгі басылымдармен тығыз байланыста болдық. Біз ұрпақ тәрбиешісі болғандықтан бізге жақыны – балалар басылымы ғой. Өз басым Тұманбай ағаймен жақсы сыйластық. Баспасөзге жазылу науқаны басталғанда ағай міндетті түрде мектепке соғатын.

«Аға, сіз танымал ақынсыз. Неге әуре боласыз, өзіміз-ақ журналға жазыламыз ғой» деймін. «Жоқ, мен үшін әрбір оқырманның жөні бөлек. Сол үшін оқырманға өзім келдім» дейтін. Қазір балалар басылымына жазылуда ешқандай мәжбүрлеу жоқ. Бірақ ата-ана баласының газет-журнал оқу-оқымауын еркіне беру арқылы оны ештеңеге қызықпайтын, тек смартфон арқылы өзіне керексіз дүниелердің тұтынушысына айналатынын естен шығармауы керек. Жалпы, баланы қадағаламаса, басылым түгіл, сабағын да оқымайды ғой. Сондықтан балаларды балалар басылымдарына қызықтыру үшін сол басылымдардың редакциясы, мұғалімдер мен ата-аналар бірігіп жұмыс істеуі керек. Бұлай әрекет етпесек, біздің болашағымыз деп отырған балаларымыз интернет арқылы күмәнді контент иелерінің тұтынушысына айналуына кім кепіл?

«SPECIAL WAY» ЖОБАСЫ

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БАҒДАРЫ

Алматыда «SPECIAL WAY» жобасы аясында «Инклюзивті білім беруге мамандарды даярлау мәселелерін талқылау» атты «дөңгелек үстел» өтті. Кездесуде қалалық Білім басқармасының өкілдері, педагогтар, Қазақстанның барлық өңірлерінен келген жоғары, орта және мектепке дейінгі білім беру сарапшылары қатысып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін білікті мамандарды даярлау тақырыбын кеңінен талқылады.

Бүгінгі таңда осы мәселемен көп жылдар бойы айналысатын мамандардың да арнайы келіп, талқылауға қатысқаны көпшілікті қуантты. Олар сындарлы диалогта нормативтік-құқықтық актілерді өзгерту, арнайы білім беру саласындағы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың сапалы деңгейін жақсарту жөніндегі маңызды ұсыныстарын ортаға салды.

Сонымен қатар, тұжырымдамалық анықтамаларға баса назар аударды. Арнайы мамандар физикалық және психикалық даму

ерекшеліктері бар адамдарды қоғамға «қосу» тұрғысындағы ұсыныстарын айтты.

Педагогика ғылымының докторы, профессор, ҚР-дағы заманауи арнайы білім беру жүйесінің жетекші ғалымы және ұйымдастырушысы, «САТР орталығы» ЖШС Бас директоры Надежда Жиенбаева, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Зулфия Ахметқалиқызы «дөңгелек үстел» басындағы өзекті тақырыпты талқылауға белсене қатысты.

БАЛА – БОЛАШАҚ

ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Бала – жас шыбық секілді, қалай исең, солай қарай иіледі. Сондықтан өрендерге ерте жасынан тәрбие беруге ұмтылып жатамыз. 2023-2024 оқу жылдарындағы «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарды орындау мақсатында қаладағы №5 бөбекжай-балабақшасында «Ақпан – Оқуға құштарлық айы» болып жарияланған болатын.



– Мақсатымыз – балдырғандарға мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар үйрету, жаттату. Ата-бабамызбен бірге жасасып келе жатқан мақал-мәтелдер көлемі жағынан шағын болғанымен, мағынасы

үмітіміз бар. Сөз өнері арқылы балалардың дүниетанымын кеңейтуге үлес қосып жатырмыз. Олар – біздің болашағымыз, – дейді №5 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Айман Маулешова.

СЫНАҚ

ҰБТ
СЫНАҒЫНАН ӨТТІ

Алматыда қаңтар айында 21 мыңнан астам жас ҰБТ сынағынан өтті. Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің онлайн брифингі барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы директорының орынбасары Наужан Дидарбекова биылғы ҰБТ сынағы туралы мәлімдеді.

Алматы қаласы бойынша қаңтар айында өткен ҰБТ сынағына 21 мыңнан астам адам қатысқан еді. Осы талапкерлердің 67,2% қазақ тілінде, 32,7% орыс тілінде, 11 адам ағылшын тілінде тестілеуден өтті. Спикердің айтуынша, ҰБТ-да шекті балды 81%-ға жуық талапкер жинап, орташа 71 балды құраған. Өз кезегінде бұл көрсеткіш республика бойынша нәтижеден 2 балға жоғары көрінеді. Сонымен қатар, талапкерлердің ең жоғары балы – 134.

Сондай-ақ, биылғы ҰБТ тапсырушылар арасында 27 ереже бұзушылық анықталса, 19 талапкер смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып өту әрекеті салдарынан тест тапсыру мүмкіндігінен айырылыпты. Бұған қоса, тағы да тестілеу кезінде ережелерді бұзғаны үшін 8 адам аудиториядан шығарылып, нәтижелері жойылған. Талапкерлердің орнына кірмек болған бөгде тұлғалар кездеспепті. ҰБТ тапсырушы талапкерлер тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде апелляцияға бере алды. Апелляция шешімін тестіленушінің жеке кабинетінен көруге болады. Н.Дидарбекованың айтуынша 2024 жылғы ҰБТ аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылдың 31 қазанына дейін тестілеудің бейнежазбаларына талдау жүргізілетін болады.

Бетті дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.



ТҮЙТКІЛ

Бүгінгі мақаламыз міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, яғни МӘМС төңірегінде өрбитін болады. Осыдан бір апта бұрын өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы осы жүйені сынға алған болатын. Президенттің айтуынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына 5 жыл болды. Содан бері бұл саланың бюджеті екі есе артқан. Биыл 2,6 триллион теңге бөлінеді. «Алайда, медициналық көмектің сапасы айтарлықтай жақсарды деп айтуға болмайды. Көптеген қызмет әлі де қолжетімді емес. Бұдан бөлек, көп жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалады. Соның салдарынан бұл салаға қосымша қаржы бөліп, бюджетке салмақ салуға тура келеді. Үкімет медициналық сақтандыру жүйесінің қызметін қатаң бақылауға алуы керек. Бұл жүйе қарапайым әрі түсінікті болуға тиіс», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Коллажды жасаған Нұрболин ӨРІСҮЛЫ.

МӘМС ТИІМДІ МЕ, ӘЛДЕ ТИІМСІЗ БЕ?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің күнгейі мен көлеңкесі туралы

«АҚША ПАЦИЕНТТІҢ СОҢЫНАН ЕРЕДІ...»

МӘМС – ай сайын еңбекақыдан алына-тын жарна, яғни мемлекетке өзіңізді медициналық тұрғыда сақтандыру үшін төлейсіз. МӘМС жүйесі жарна мөлшеріне қарамастан, барлық сақтандырылған адамдардың медициналық қызметтерді тең алуына мүмкіндік береді. МӘМС-ті мемлекеттік жеңілдікке ие болған азаматтар төлемейді, олар үшін мемлекет төлейді.

Ұлттық экономика министрлігінің мәліметіне сүйенсек, бүгінде Алматы халқының саны – 2 222 782. Оның ішінде 1 735 559 адамда (78,1% -ы) МӘМС бар, 487 223-і (21,9%-ы) – «сақтандырылмаған». Ал өткен жылдың қорытындысы бойынша МӘМС жарнасын төлеуден босатылған алматылықтар саны – 1 209 951.

Иә, МӘМС-ті енгізген кезде, Үкімет бұл жүйе әр азаматтың медициналық қызметті

өзі қалаған жерде кез келген уақытта алуын қамтамасыз ететінін айтқан еді. Сөйтіп, «ақша пациенттің соңынан ереді» қағидаты орындалуы тиіс болатын. Алайда, бұл модельдің күнгейінен гөрі көлеңкелі тұстары жиі айтылып кетті. Мәселен, МӘМС-і бар «сақтандырылған» деген мәртебесі бар азамат медициналық ұйымға барып қызмет алайын десе, алдымен терапевт қабылдауына жазылуы керек. Одан кейін терапевт жолдаған екінші дәрігерге бару үшін қайтадан жазылады. Оған жету үшін тағы бірнеше күнді күтеді. «Сөйтіп жүргенде, ауырып тұрған жерімізді ұмытып қаламыз» деп амалсыз әзілге сүйенетіндер де немесе талон алған күніне, сағатына жете алмай өзін-өзі емдеп алатындар да жоқ емес, тіпті күте алмаса ақылы клиникаларға жүгінеді. Ал ақылы емханаңыз сол күні-ақ сізді мұқият қарап береді. Міне, осыдан кейін «Біз ай сайын жарнамызды төлеп отырмыз, бірақ нәліктен сапалы медициналық қызметке қол жеткізе алмаймыз?» деген реніш бас көтереді. Сонда тұрғындардың емханаға барып қаралу рәсімінің өзі дұрыс ұйымдастырылмаған ба деген ойға қаласыз.

УАҚЫТ ЕНШІСІНДЕ

Сонымен, МӘМС жүйесін сынға алған Мемлекет басшысы медициналық көмектің бірыңғай топтамасын қалыптастыру қажеттігін айтып, Үкіметке нақты міндеттер қойды. Дәл қазіргі назар осы жүйеге ауған сынды. Себебі, Үкімет қолуарында Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова БАҚ өкілдерінің сауалына жауап бере отырып, МӘМС бойынша жұмыс басталғанын айтып өтті. «Бірінші кезекте, медициналық қызметкерлерді қағазбастылықтан босату керек деген тапсырма берген болатын Мемлекет басшысы. Бұрын әрбір мекеме 6 келісім-шарт жасайтын еді, осы жылдан бастап бір мекеме бір келісім-шарт жасайтын етіп цифрландырдық. Екіншіден, арнайы математикалық модель жасадық. Оған сәйкес азаматтардың нақты ем алғаны туралы ақпарат цифрландырылады. Сонымен бірге, әр азаматқа қызмет алған-алмағаны туралы ақпарат келіп отырады. Осы үш мәселені реттедік. Жұмыстар әлі де жалғасады», – деді Т.Дүйсенова.

Жаңадан тағайындалған Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнзарова да «жыры» бітпеген МӘМС жүйесіне жан-жақты талдау жүргізіп, оның тиімділігін арттыруға тырысамын деп отыр. Медициналық әлеуметтік сақтандыру қорына бөлінген қаражаттың да қайда жұмсалғаны тексеріліп, артық шығындарға жол берілмейтіндігін шегеледі. Сондай-ақ, ол Сенат қолуарында журналистердің «Белгілі бір сала дәрігерінің қабылдауына бару үшін алдымен терапевттен жолдама алу керек, бұл аралықта уақыт жоғалтуымыз мүмкін. Осы мәселе қалай шешіледі?» деген сауалына: «Иә, тұрғындардан түсетін арыз-шағымдар мен өтініштердің көпшілігі осы мәселеге қатысты. Бұл бағытта зерттеу жүргізіп, жетілдіруге тырысамыз. Бүгінгі күні қандай сұрақтар жиі көтерілетінін зерделеп, министрлік тарапынан оларды шешу амалдарын іздестіріп жатырмыз», – деп жауап берді.

facebook

ӘЛЕУМЕТ НЕ ДЕЙДІ?

Қазір көп адам күні-түні әлеуметтік желіде отырады. Сол көптің пікірін білмекке Facebook парақшамызға «МӘМС төңірегінде не айтар едіңіз? Оның пайдасы бар ма, ал кеміін жағғы қайсы? Бұл жүйе бізге қаншалықты маңызды?» деген сауал тастаған едік.

Ләззат ТҰРМАҒАНБЕТОВА:

– МӘМС арқылы тегін емделіп жүрмін, МРТ, КТ секілді қымбат медициналық зерттеулеріне тегін түсіреді. Пайдасы сол шығар. Өйтпесе, оның бәрі қалтаңызға әжептәуір салмақ түсіреді.

Мәлік ОРАҚОВ:

– МӘМС-ке жарна төлейтіндердің мемлекет есебінен ақылы клиникаларда тісін емдету, жұлдыру, салдыруын да енгізу керек.

Ұлжан ШАЙХИЕВА:

– Пайдасы жоқ. Себебі, онсыз да медицинаға елдің көңілі қалды. «МӘМС-ің болмаса, өле бер, біз сендерді емдеуге міндетті емеспіз» дегенді естігенде, «шоқ» боласын. Әулие Гиппократтары күндердің күнінде шәкірттерінің антын ақшаға айырбастарын білмеген шығар. Иә, пайдасын сіз көріп жатқан шығарсыз, сізде, менде жұмыс бар. Ал жұмысы жоқ миллиондар ше, неге соларды ойламаймыз?

Ерік САРДАРТЕГІ:

– Жүрегің мазалап тұр дейік. Сізді кардиолог емес, әуелі терапевт қабылдайды. Ол ЭКГ-ден немесе УЗИ-ден өтіп кел деп қолына бір жапырақ жолдамасын ұстатады. Оны бір апта күтесін, одан соң кардиологтың кезегін тағы күтесін. Сол аралықта инфаркт алсаң не болады? Түсінбеймін. Жакында ауылда бір туысымды «сақтандыруың жоқ» деп емдемей қойған. Бұл қандай жүйе сонда? Кілтипан неде? Осыған жауап беретін адам бар ма?

Әтіргүл ТӘШІМОВА:

– Онкологиялық аурумен ауырып қалған сіндім 1,5 жыл болды, Алматыға барып жеті рет химия (сатылы), екі профилактикалық алды. МӘМС-тің бағдарламасымен бір тиынсыз, квота арқылы емделді. Қазір шүкір, мектебіне жұмысқа қайта кірісті. Онкологияның ем-шаралары өте қымбат. Соны МӘМС-тен пайдалануға болады екен. Өз басым, МӘМС-тің пайдасы бар деп ойлаймын. Өзім екі рет КТ тегін жасаттым. Бірақ УЗИ кезегін күтуге шыдамай, ақылы түрде түстім.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ:

– Тіркелген учаскенің (емханаңыз) арқылы тегін анализ тапсырып, дәрігерлерге қараласыз, жақсы жағы сол. Тек механизмдерін жетілдіре түсу керек деп ойлаймын.

Ал біз түйінді мәселенің шешімін уақыттың еншісіне қалдырдық. Сондай-ақ, бұл тақырыпқа тағы бір айналып соғатын боламыз.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА,
журналист.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

«МӘМС-ТІҢ БЮРОКРАТИЯЛЫҚ ТИІМСІЗДІГІНЕН...»

Мұғалімдердің көбі МӘМС-ке тұрақты жарна төлеп отырса да, міндетті медициналық сақтандыру жүйесі аясында медициналық көмек алуға келгенде кедергіге тап болып жатыр. Бұл проблеманың басты себебі – жазда, үш айлық демалыс кезінде кейбір бухгалтерлер жалақыны және үш айдың МӘМС-жарнасын бір төлеммен аудара салады. Бұл өз кезегінде МӘМС-тің бюрократиялық тиімсіздігінен мұғалімдерді «сақтандырылған азаматтар» мәртебесінен айырып, медициналық көмектің қолжетімсіздігіне алып келді. Біз бұған дейін Денсаулық сақтау министрлігіне осыны тез арада реттеу туралы талап қойғанбыз. Болашақта бұл мәселені шешеміз деп сенемін (әлеужелі парақшасынан алынды).



Тілеухан ӘБІЛДАЕВ, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Алматы филиалының директоры:

«АЙ САЙЫНҒЫ ЖАРНАМ ҚАЙДА КЕТІП ЖАТЫР?»

Азаматтар тарапынан «Мен МӘМС-ке ай сайын жарна аударамын. Бірақ дәрігерге ай сайын қаралып жатқан жоқпын. Сонда ол ақша қайда кетіп жатыр?» деген сауал жиі қойылып жатады. Қазақстан сақтандырудың жинақтау емес, ортақ жасаушылық принципіне негізделген моделін таңдап алды. Себебі, төленетін жарналардың мөлшері көп емес. Сондықтан бір адамның жинақтаған ақшасы медициналық қызмет ақысын төлеуге де жетпейді. Қарапайым мысал: ай сайын 3500 теңге төлеп сақтандырылатын өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар бір жылда 42 000 теңге төлейді. Егер біз әр адамды өз қаражатына ғана емдейтін болсақ, оның жинаған ақшасы ештеңеге жетпес еді. Мысалы, пневмонияны емдеуге кететін шығын 100 мың теңге, босандыру 100 мың теңге, ал ортокоронарлық шунттау 3-4 млн теңге тұрады. Егер бізде жинақтау жүйесі болса, азаматтар медициналық қызмет ақысын өзі жинаған қаражаты есебінен төлей алмас еді. Ал ортақ жасаушылыққа негізделген МӘМС жүйесінде қаржы ортақ шоттан алынады. Тағы бір ескеретін жайт, сіз дәрігердің көмегіне жүгінбеген болсаңыз, төлеген ақша жоғалып кетті дегенді білдірмейді. Ол сіздің жақындарыңызды немесе ауруханада жатқан өзге де отандастарымызды емдеуге жұмсалып жатыр.



Майра САПШАЕВА, «сақтандырылған» тұрғын:

«БІЗДІҢ ЕСЕБІМІЗДЕН ЕМДЕЛЕТІНДЕР ДЕ БАР»

МӘМС – егер келісім-шартқа отырған емхана, аурухана басшылығы жауапты, білікті болса және халыққа жаны ашып, тіркелген тұрғын саны нақты таза болса, қарамағындағы қызметкерлерден де қолжетімділік пен сапаны талап етсе, өте тиімді жүйе.

Меніңше, кемшінін тұсы: көп дәрі-дәрмек 75-ші бұйрыққа кірмеген, суық тиіп ауырсақ дәрі сатып аламыз, тісті ақылы салдырамыз. Сондай-ақ, кейбір азаматтар мемлекетті алдамай, жұмыссызбын демей, таза кірісін көрсетсе. «Жұмыссызбыз» деп өтірік тіркеліп қойып, біздің есебімізден емделетіндер де бар. Өз басым, үстіне миллионның киімін киіп, бірақ МӘМС-ке «жұмыс істемейміз» деп тіркеліп қойған, бақуатты өмір сүріп жүргендерді танымын. Жемқорлардың да тойынатын кезі келді. Барлығын тығып, ұрлап жемей, қай ауруханаға нақты қанша қаражат бөлінді, қаншасы қайда жұмсалды, соның бәрі жария, ашық болуы керек.

Ал пайдасы – МӘМС қаржысы арқылы жоғары технологиялы операциялар жасалады, ЭКО-мен сәби сүюге қолдау көрсетіледі, бір уыс қана 500 грамм болып туған сәбиді қаншама ай анасымен бірге күтімге алып, қымбат дәрілер құйып, сол шарананы адам етіп шығарады.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Осы күні қазақ қоғамында мәйіт донорлығы жайында әр алуан пікір қалыптасып отыр. Тіпті, әлеужеліде «Ағзалар мен тіндердің ерікті донорлығын дамыту мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын іске асыру шеңберінде сізден ағзалық донорлық мәселелері бойынша әлеуметтік сауалнамаға қатысуыңызды сұраймыз» делінетін сауалдар өріп жүр.

ЕЛ ІШІН «МӘЙІТ-ДОНОР»

Айнабай
МӘДИ

4 мыңнан астам науқас ағза трансплантациясына мұқтаж

Жақында елімізде Үкімет құрамында бірқатар өзгерістер болды. Орнынан кеткен министрлердің ішінде Денсаулық сақтау министрі де бар. Мемлекет медицинаға қомақты қаражат бөлсе де, емдеу сапасы жақсармай-ақ қойды. Оның үстіне, Міндетті әлеуметтік мемлекеттік сақтандыру (МӨМС) жүйесі өз міндетін тиісті деңгейде атқара алмағаны тағы бар. Қарапайым еңбеккерлерден медициналық сақтандыру жарнасы алынып, қаншама қаражат жиналса да, тұрғындар белгілі деңгейде ем қабылдауға қолы жетпей, зар боп жүр.

Елімізде мәйіт донорлығының елесі кезіп жүргендей әсерде қаласың. Тіпті, елімізде бұған «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры шындап кірісіп кеткені де аңғарылады. Басқа емес, аталған қордың басқарма төрағасы Болат Жәмішевтің айтуынша, елімізде мәйіт донорлығы мүшкіл жағдайда тұр. Оның айтуынша, соңғы уақытта елімізде 4 мыңнан астам науқас ағза трансплантациясына мұқтаж. Мақсат-мүддесі тіпті бөлек қоғамдық қор тура осы мәселемен айналысатындай не күй кешті екен?..

«Біз АҚШ-тан 304 науқасқа көздің қасаң қабығын жеткізу туралы келісімге қол қойдық және 93 операция жасалды. Ал бұл жоба мәжбүрліктен туып отыр. Заңды өзгерту арқылы ғана бұл мәселе шешіліп, барлық мұқтаж жандар АҚШ-қа жүгінбей-ақ осы қабықты алуға болатын еді», – деген Б.Жәмішев баспасөз жиынында.

Басқарма төрағасының әңгіме ауаны «елімізде ағза донорлығына мұқтаж адамдар саны көбейіп барады» саяды. Шынымен де, бүгінде науқастардың дені қажет адам ағзасын шетелдерден сатып алуға мәжбүр ме?.. Тіпті, медициналық сарапшылар жағдайдың күрделенуіне қолданыстағы кодекс кедергі болып отырғанын айтып отыр.

«Шариғат та ағза ауыстыруды қолдайды»

Бүгінде Денсаулық сақтау министрлігі жанында «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны бар. Бұл – ел аумағында транспланттау қызметін дамытуға жәрдемдесу қызметін жүзеге асырушы мекеме.

Тәулік бойы жұмыс істейтін транспланттау қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету үшін облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалаларында өкілдіктері де бар. Елімізде бүгінде ағзаларды алуды жүзеге асыратын 40 донорлық стационар, транспланттауға орай, ота жүргізуге лицензия иеленген 7 транспланттау орталығы қызмет етеді.

Шыны керек, денсаулық сақтау мен медицина саласында жемқорлықтың белең алғаны бесенеден белгілі. Әлеужеліден, БАҚ бетінен көрсетіліп жатқан медициналық қызметтің сапасыздығы, өлім-жітімнің көбеюі жөнінде неше түрлі жағдайды байқасақ, мынадай жағдайдан соң басқа нешеме түрлі ой келеді.



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҮЛЫ.

ЕЛЕСІ КЕЗІП ЖҮР

Ағза саудасын тоқтату құзырлы орындардың қолынан келе ме?

Мәйіт донорлығы демекші, осы ұғымның өзі күмән тудырарлықтай. О заман да, бұ заман, өлген адамның (мәйіттің) ағзасы тірі адамға жарай ма?.. Әлбетте, жарамайды. Медицина маманы болмаса да, мұны жақсы білеміз. Осы күні бүйрек, жүрек, бауыр мен ұйқы безін алмастыруға мұқтаждар көп. Дін өкілдері де осыдан біраз бұрын бірсыпыра қарсылығын білдірсе, осы күні біраз жұмсарып: «Бір адамның органы пәлен адамның өмірін сақтап қалар болса, сауап іс» дейді. Демек, «шариғат та ағза ауыстыруды қолдайды» деген сөзі.

Клиникалық өлімнің кезінде де бір кілтипан бар екен

Елімізге мәлім балалар дәрігері, академик Камал Ормантаев ағамыздың халықаралық деңгейдегі медициналық мамандар бас қосқан үлкен бір жиында «клиникалық өлімге» қатысты пайымды пікірін білдіргені бар. Академиктің сөзінен кейін бұл тұста да біраз түсінбестіктің барына көз жеткізгенбіз. Демек, тыныс алу, жүрек соғысы, шартты және шартсыз рефлекс байқалмайтын, бар-жоғы, 5–8 минутқа созылатын клиникалық өлімнің кезінде де бір кілтипан бар екен. Өмір мен өлім арасындағы адамның дене мүшесі алынатын шақтың бірі осы клиникалық өлім кезі. Өйтпесе, мәйіттен мүше алу – бос әңгімедей көрінеді.

Өлу заңдылығын, оның себебі мен өлімнен кейінгі өзгерісті зерттейтін ілім – танатологиядан да аздап хабарымыз бар. Өлу үрдісінің өзі өте күрделі болғанымен, бірнеше сатыдан тұрады. Бұған жанталасу күйі, жанталас (агония) және клиникалық өлім түсінігі кіреді. Медицина мамандары өлімнің әр сатысының ұзақтық мерзімі түрліше екенін айтады.

Мәселен, агония бірнеше минуттан бірнеше сағатқа немесе тәулікке созылуы мүмкін. Атап айтар болсақ, клиникалық өлім әдетте 5–6 минуттан соң биологиялық өлімге өтеді. Бұл кезде орталық нерв жүйесінде, кейінірек басқа ағзаларда қайтымсыз өзгеріс дамиды. Осы кезден бастап қана организмді мәйіт деп атауға болады. Ал сол мәйіттің ағзасы жарамды ма? Түсініксіз.

Табиғи өлім адам өбден қартайып, ағза қызметінің бірте-бірте әлсіреуімен, тоқтауымен, тозуымен байланысты. Ауру салдарынан өлу себебін тексеретін патолог-анатомдардың айтуынша, ауруы асқынып кеткенде, мысалы, миға қан құйылғанда, жүрек инфарктында, өкпе артериясынан тромб эмболиясында адам кенеттен, кейде бірнеше минут ішінде де өліп кетуі мүмкін. Ал көптеген созылмалы ауру нәтижесінде пайда болатын өлімді дәрігерлер клиника жағдайында бақылап, оларды өлімнен алып қалу үшін реанимация (reanimatio – қайта тірілту) шараларын кеңінен қолданады емес пе? Жасыратыны жоқ, онсыз да жемқорлықтан ада емес біздің медицинада мәйіттік донорға қатысты түсініксіздеу жаңа заң жобасы қабылданып кетсе, қайта тірілтуге күмән көп. Айтары

жоқ, бұл жағдайда да медициналық мамандар «мәйіт донорына» бейім келуі мүмкін.

Қоғам пікірі қақ жарылған

«Әлеужеліде айтылғандай, адам ағзасын саудалау – бос әңгіме» деген танымал трансплантолог, хирург Жақсылық Досқалиев те донорлыққа мұқтаждар саны күннен-күнге артып бара жатқанын айтады. Хирург елімізде трансплантологияның дамуының тежелу себебін трансплантологтар Ғани Құттымұратов пен Абылай Донбайға қатысты қозғалған қылмыстық іспен байланыстырады. Демек, осындай қылмыстың қайталанбауына танымал трансплантолог қандай уәж айтар екен. Кепіл жоғы анық.

«Бұл – қабылданған екінші кодекс. Бұрынғы кодексте адам тірі кезінде келісім беретінін немесе қарсы екенін рәсімдемесе, қайтыс болғаннан кейін дәрігерлер оның ағзалары мен тіндерін транспланттау мақсатында ала алатын. Халықаралық деңгейдегі дамыған елдерде «келісім презумпциясы» бекітілген. Бірақ 2018 жылы екі трансплантолог істі болып, үлкен шу шықты. Сол кезде жаңа кодексте адам тірі кезінде донор болуға ерік білдірмесе, жұбайы мен жақын туыстарының бірі ағзасын алуға өзінің келіспейтіні туралы жазбаша мәлімдеуге құқылы деп өзгертілді. Марқұмның туыстары көбінде рұқсат беруден бас тартып жатады. Сондықтан мәйіттен алынатын ағза саны азайып кетті, ал мұқтаждар саны көбейіп барады», – дейді Жақсылық Досқалиев.

Демек, дәрігер Досқалиев те ағза трансплантациясына қатысты бұрынғы жүйеге қайта оралу қажет деп есептейді. Елімізде трансплантолог мамандардың, қажетті техникалық жабдықтардың жеткілікті болуы да бұл іске мамандарды құлшынттып отырғаны анық. «Адам ағзасын саудалауға қатысты күмән орынсыз» деген пікірдегі экс-министр де заңнамаға өзгеріс енетініне сенімді емес көрінеді. Өйткені, қоғам пікірі қақ жарылған. Қазақ қоғамының басым бөлігі медициналық жүйеге елеулі өзгерістердің керектігін білдіріп отыр.

Мәйіттік донор қалай анықталуы тиіс?

Саналы қоғам мүшелері өлген адамға дене мүшесі қажет еместігін бес саусақтай біледі. Оның тіршіліктен үміті жоқтығына көз жеткенде ғана батыл шешім қабылданғаны қажет емес пе? Алайда, дәрігерлердің асығыс шешімімен әлі де бірталай өмір сүруге қақысы бар талай адамның бұл өмірден

өтуіне кінәлілердің таптырмай кететіні сөзсіз. Медбикенің қателігі дейді, т.б. толып жатыр. Өйткені, медпрактикада мұндай оқиғалар аз болған жоқ. Еліміздің донорлық ұйымында (республикалық, облыстық, қалалық) стационарлық трансплантология бойынша үйлестірушілердің, трансплантологтар, трансфузиологтар, аурухана дәрігерлерінің (анестезиолог-реаниматолог, невропатолог, хирург-патологоанатом) бірлескен іс-әрекетінің нәтижесінде ғана мәйіттік донор анықталуы тиіс. Солай болса, қанеки.

Бүгінде денсаулық сақтау саласындағы ең үлкен де күрделі мәселенің бірі – трансплантология. Ағза ауыстыруға мұқтаж жандардың қарасы жыл санап өсіп келеді. Елімізде бүйрегі сыр беретіндер алғашқы орында. Екінші кезекте жүрек, одан соң бауыр мен ұйқы безін алмастырғысы келетіндер тізімді жалғастырады.

Рұқсатсыз «мәйіт донорлығы» жүзеге асар болса, не болары беймәлім

Ағзаларды күту парағынан сырқаттарға ауыстырып қондыру мақсатында қайтыс болғаннан кейінгі донордан ағзасын алып қою – марқұмның жақын туыстарынан алынған келісім, жоғары гуманизм мен азаматтықтың актісі. Бұл – транспланттаушы үйлестірушілердің басым бағыты ғана емес, ізгілікті қоғамның үні. Бірақ... Қалай?.. Осы сауалдар шын мәнінде ашық қоғамда талқидан өтсе, жария түрде болса, құда тыныш, құдағи да тыныш болар еді.

«Жүйе жемқорлықтан ада, ашық болса ғана дау-дамайсыз болар еді. Сонда ғана әрқайсымыз өз дүниетанымымызды білдірер едік» дейді көпшілік қоғам өкілдері. Сонда ғана қайтыс болғаннан кейін ағза донорлығына көзқарасты қайта қарауға мүмкіндік мол. Бұрнағы жылы 3374 адам донорлық ағзаны ауыстырып қондыруға мұқтаж болған. Соның 97-сі – балалар. Өкініштісі, осыдан үш жыл бұрын, 2021 жылы донорлық ағзалардың жетіспеушілігінен күту парағындағы 341 адам қайтыс болған. «Қазақстан азаматтарына транспланттау тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаты есебінен тегін орындалады» деп мәлімдейді Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық.

Осы күнгі қолданыстағы заңда транспланттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына тірі кезінде келісімі болған жағдайында, өмірлік транспланттаушы үйлестіруші ол жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін алты сағат ішінде хабардар етеді және танысуға бұл туралы тіркелімнен көшірмесін ұсынады, танысудан бас тартқан жағдайда сол туралы акт жасайды.

Ал енді рұқсатсыз «мәйіт донорлығы» жүзеге асар болса, не болары беймәлім. Өйткені, бүгінгі жағдайда оған сенім аз, кепіл кеміс. Ешкім де мәңгілік емес. Бес күндік дүние. Тіршілік жалғаса бермек. Бірақ қалай?.. Қоғам назарындағы маңызды мәселеге нүкте қойыларына сенеміз.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2024 жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасы іске асырыла бастады. Бұл жаңа қоғамды құру мен ұлттық байлықты әділетті бөлуге бағытталған алғашқы қадам деп айтуға болады. ҚР Қаржы министрлігі Бюджеттік кредиттеу, ҚР Ұлттық қоры және қаржы секторы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл департаментінің директоры Айбол Арғынғазин ОҚҚ алаңында осылай деді.

Ұлттық қордың соңғы 18 жылдағы қалыптасқан орташа инвестициялық кірісінің мәні 695 519 269 АҚШ доллары сомасындағы қаражат 6 919 131 балаға теңдей бөлініп, әрбір баланың есепшотына 100,52 АҚШ доллары мөлшеріндегі нысаналы салым түсті. 304 815 бала осы қаражатты 2024 жылы пайдалана алады. Қазіргі таңда салалық министрліктердің бұйрықтарымен қаражатты білім алу мен тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін пайдалану тәртібі айқындалған.

– Биыл 18 жасқа толатын 304 815 баланың БЖЗҚ-да ашылған нысаналы жинақтау шоттарына ақша түсті. 9 күннің ішінде БЖЗҚ-ға 100-ден астам өтініш түсті. Оның ішінде 54-і білім беру ақысын төлеуге, 49-ы тұрғын үй жағдайын жақсартуға қатысты. Осы өтініштердің 63-і орындалды, 21-і қарастырылып жатыр. Қалған 19-ы қабылданбады, – деп мәлімдеді «БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры Мұрат Шәріпов ОҚҚ алаңындағы брифингте.

Оның хабарлауынша, есептелген сомалар бойынша статистикалық есеп enpf.kz сайты-

«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»

жобасы аясында қазақстандық балалардың шоттарына
695 519 269 АҚШ доллары аударылды

дағы «Көрсеткіштер» бөлімінде орналастырылған. Статистикалық деректерге сүйенсек, нысаналы талаптарға қатысушы балалардың ең көп саны 922 841 бала Түркістан облысында тұратынын көруге болады. Оларға 92 763 977 доллары есептелді. Оның ішінде биыл 18 жасқа толатын 41 968 нысаналы жинақ алушылардың жинақтау шоттарына 4 218 623 АҚШ доллары түсті.

Балалар саны бойынша екінші орында Алматы қаласы. Мұндағы 666 443 балаға 66 990 850 АҚШ доллары есептелген, оның ішінде биыл 18 жасқа толатын 26 621 балаға жинақтау шоттарына 2 675 942 АҚШ доллары түсті. Үшінші орында – Алматы облысы. 608 711 балаға 61 187 000 АҚШ доллары есептелген. Оның ішінде биыл 18 жасқа толатын 26 802 нысаналы жинақ алушылардың нысаналы жинақтау шоттарына 2 694 000 АҚШ доллары есептелді. «Ұлттық қор – балаларға» жобасының негізгі мақсаты – өскелең ұрпақты қолдау және оларға ұлттық жинақ есебінен тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе білім алуға мүмкіндік беру», – деді спикер.

Бағдарлама аясында балаларға бағдарламаға қатысқан әрбір жылы үшін жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың басында Ұлттық қордан инвестициялық кірісті қоса алғанда, нысаналы талаптар түріндегі қаражат олар 18 жасқа толғанға дейін есептелетін болады. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының қатысушылары ретінде қоса алғанда 01.01.2006 ж. бастап 31.12.2023 ж. туған Қазақстан Республикасының

азаматтары болып есептелетін балалары тіркелді. Келесі жылдары туған балалар да автоматты түрде бағдарламаның қатысушысы болады.

Баланың бағдарламаға қатысу дерегі және оған есептелген нысаналы талаптар туралы ақпаратты көмелетке толмаған баланың ата-анасы немесе басқа заңды өкілдері арнайы құрылған kids.enpf.kz сайтынан баланың ЖСН бойынша тексере алады. Айта кету керек, бағдарлама жұмысының бірінші күні, яғни 2024 жылдың 1 ақпанында бұл бөлімге 2 миллион 700-ден астам адам кірді. ЖСН бойынша шамамен, 5,5 млн сұраныс өңделді. Әрбір балаға жасалған есептеулер туралы мәліметті ата-аналар egov.kz порталында тексере алады. Нысаналы жинақтарды көмелетке толған азамат enpf.kz сайтындағы Жеке кабинетінде, БЖЗҚ ұялы қосымшасында немесе egov.kz порталында өз бетінше тексере алады. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының көмелетке толған қатысушысы өз ақшасын пайдалану туралы шешім қабылдағанда, уәкілетті операторға өтініш береді. БЖЗҚ оның жинақтарын уәкілетті операторда ашылған банктік шотына аударады. Бұл төлемдерден жеке табыс салығы алынбайды. Бұл жөнінде ОҚҚ алаңындағы брифингте «БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры Мұрат Шәріпов мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, нысаналы талаптарға қатысушы қайтыс болған жағдайда, оның қаражаты мұрагерлеріне беріледі. Баланың жинақтарын алушы мұрагерлер ақшаны кез келген мақсатқа пайдалана алады. Қазақстан

азаматтығы жоқ немесе азаматтығын тоқтатқан кезден бастап, шетелге шыққан азаматтарға нысаналы талаптар есептері тоқтатылады. Оған белгіленген сома басқа балалар арасында бөлінеді. Ал уақытша шетелде тұрып, азаматтығынан айырылмаса, ақша есептеліне береді. «Ұлттық қордан берілетін нысаналы жинақтарға келесі шектеулерді қоюға тыйым салынады. Мысалы, банк шоттарындағы ақшаға тыйым салу немесе өндіріп алу; банк шоттарындағы ақша қаражаттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру; жинақты алушының келісімінсіз алып қою; жеке табыс салығын салу. Бұл дегеніміз, сот немесе басқа қарыздар бойынша ақшаны еш жүйенің алуға құқығы жоқ деген сөз», – деді спикер.

Нысаналы талаптарды нысаналы активтерді, нысаналы жинақтау шоттарындағы нысаналы жинақтарды ескере отырып, нысаналы жинақтар төлемін жүзеге асырумен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры айналысады.

● «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы – еліміздің маңызды әлеуметтік жобалардың бірі. Ол Ұлттық қордың басты парызын орындауға бағытталған. Ұлттық қордың өсуі және инвестициялық кіріс алу есебінен ұлғаятын өскелең ұрпақтың қаражаты ересек өмірге нық қадаммен аттауына көмек болатынын тағы да ерекше атап өткен абзал.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: <https://ortcom.kz>).

● ПАРЛАМЕНТ

Мәжіліс отырысы: «ҚАНДАСТАР» МӘРТЕБЕСІ ЖЕТІЛДІРІЛЕДІ

Депутаттар халықтың көпші-қоны және қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы заңнаманы жетілдіру туралы заңды екінші оқылымда қабылдады.

Мәжілістің жалпы отырысында «қандас» мәртебесін беру жетілдірілетіні де айтылды. Түзетулерді екінші оқылымға дайындау барысында депутаттар «қандас» мәртебесін беру тәртібін жетілдіруге бағытталған жаңа норма әзірледі.

«Қандас» мәртебесін және Қазақстан азаматтығын алу үшін өтініш білдірген адамдардың ұлты қазақ екенін анықтау тәртібі жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне кіреді. Сондай-ақ, қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына этникалық қазақтардың жеке отбасы мүшелері, қандастардың жесірлері және олардың ортақ балалары енгізілетін» норма күшіне енеді.

Тағы бір жаңалық – азаматтық алудың оңайлатылған тәртібін қолдана алатын адамдар санаты кеңейтілді. «Енді елімізде заңды түрде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының жесірлері тұру мерзіміне қарамастан оңайлатылған (тіркеу) тәртіппен Қазақстан азаматтығын ала алады. Сондай-ақ, бұл қатарға халықаралық шарттар негізінде оңайлатылған тәртіппен Қазақстан азаматтығын алуға құқығы бар адамдар да кіретіні» айтылған ақпаратта.

Жиында заң негізінде көмелетке толмағандарды жынныстық қатынасқа итермелеген, осындай әрекеті үшін сотталған шетелдіктердің Қазақстанға кіруіне жеңіл азаматтығын алуға шектеу қою ұсынылды. Сонымен қатар, құжатқа сәйкес экстремистік немесе террористік әрекетке қатысы бар шетелдіктерге елге кіруге тыйым салынады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.parlam.kz).

● ҮКІМЕТ

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БИЗНЕС табысты экономиканың маңызды факторы

Үкіметте 2024 жылғы қаңтардағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен республикалық бюджеттің атқарылуы қаралған жиын өтті.

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаровтың айтуынша, есепті кезеңде Қазақстан экономикасының өсу қарқыны 3,9%-ды құраған. Қаржы министрі Мәди Такиев мемлекеттік бюджетке шамамен 1 трлн теңге кіріс түскенін айтты. Жоспар 111,5%-ға орындалған. Республикалық бюджет 521 млрд теңгеге, жергілікті бюджеттер 526 млрд теңгеге толыққан. Мемлекеттік бюджет шығыстары 96,9%-ға орындалған.

Премьер-министр Олжас Бектеновтің айтуынша, ең кемі 6% деңгейінде тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету Үкіметтің осы жылға және орта мерзімді кезеңге арналған басым міндеті болып қала бермек.

Министрлер мен әкімдердің басты бағдары

Үкіметбасы биылғы қаңтар айында негізгі капиталға салынған инвестициялар небәрі 0,6%-ға өскеніне назар аударып, мұндай төмен көрсеткіш үшін уәкілетті мемлекеттік органдар мен әкімдіктердің сапасыз жұмысын сынға алды.

«Инвестициялық штаб жұмысын күшейту қажет, оған жеткілікті өкілеттіктер берілген. Министрлер мен әкімдердің басты міндеті – инвестициялық жобаларды іске асыруға тиімді әрі пәрменді қолдау көрсету», – деді. Оның айтуынша, инвестициялар жалпы ішкі өнімнің өсуінің негізгі драйвері ретінде маңызды рөл атқарады. Сондықтан дұрыс инвестициялық саясат қалыптастыру негізгі фактор болып отыр. Инвестиция тартудың біртұтас экожүйесін құру, инвестициялық жобаларға тиімді қолдау көрсету, сондай-ақ жобаларды уақытылы іске асыру үшін жағдай жасау Үкіметтің осы бағыттағы үйлесімді жұмысының нақты көрсеткіші болмақ.



Бағаның өсуін тежеу – басым міндет

Қуатты әрі бәсекеге қабілетті бизнес – табысты экономиканың тағы бір маңызды факторы. Сондықтан кәсіпкерлікті дамыту және қолдау – Үкіметтің басты міндеттерінің бірі. Үкімет басшысы отандық бизнеске қаржыландыру қолжетімді болуы тиістігін, оның ішінде бюджеттен басқа көздерді пайдаланып, кепілдік беру тетіктерін кеңейту қажеттігін айтты. Бұл жергілікті кәсіпорындарға шетелдік жеткізушілермен бәсекелесуге мүмкіндік береді.

Орта бизнесті дамытуды қолдау үшін Олжас Бектенов мемлекеттік қолдау жүйесін қайта қарап, өндірісті 2-3 есе кеңейткісі келетін барынша табысты орташа кәсіпорындармен келісімдер жасауды жеделдетуді тапсырды. «Бизнесті тексеруге жарияланған мораторий биыл аяқталды, бірақ бұл кәсіпкерлерге әкімшілік жүктеме түсірмеуге тиіс. Адами факторды алып тастауға мүмкіндік беретін мемлекеттік бақылаудың автоматтандырылған жүйесі толық көлемде қолданылуға тиіс», – деді.

Бағаның өсуін тежеу Үкімет үшін басым міндет болып қала береді. Биыл инфляцияны 6–8% аралығында ұстап тұру міндеті тұр. Ол үшін мемлекеттік органдар Инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенінің сапалы орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

Қосылған құн салығы: ставка көтерілмейді

Олжас Бектенов отырыста қосылған құн салығының ставкасы көтерілмейтінін айтты.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қосылған құн салығының ставкасы көтерілмейді. Бюджет кірісін толықтырудың басқа жолдарын іздеуіміз керек. Ұлттық экономика және Қаржы министрліктері республикалық бюджеттің шығыстарын да, кірістерін де сапалы жоспарлауды қамтамасыз етулері қажет. Мұнда ең алдымен цифрландыру есебінен салықтық және кедендік әкімшілендіруді жетілдіру бойынша пәрменді шаралар қабылдау маңызды», – деді спикер.

Үкіметбасы жалпы қаржылық тәртіпті күшейту, нәтижесіз шығыстарды жою және мемлекеттік бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру маңызды екенін қадап айтты:

«Тағы да атап өткім келеді – экономиканың жоғары қарқынын қамтамасыз ету үшін бар күшімізді салуымыз керек. Әрбір министр мен өңір әкімі алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін тікелей жауапты болады», – деп түйіндеді ол.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: <https://primeminister.kz>).



ЭКОНОМИКА



Оң өзгеріс күтеміз

– Жуырда Үкімет төрағасы ауысып, бірқатар кадрлық ауыс-түйіс болды. Жаңа құрамнан қандай өзгеріс күтеміз?

– Әрине, оң өзгеріс болуы тиіс. Әр басшының өзіндік ұстанымы бар. Әсіресе, экономикалық блок тиімді жұмыс істесе дейміз. Мемлекет басшысының Жолдауы негізінен экономикалық тақырыпта жолданған еді. Соны қолға алуда алдыңғы атқамінерлер шаруаны шалқайтпаған болуы мүмкін. Қалай десек те, алға қойған тапсырмаларды уақытылы жүзеге асыру қажет. Қайтсек те ұлттық жобаларды іс жүзінде орындау, Ұлттық қордың ақшасына тиіспеу, бюджетті нақтылау және т.б. проблемаларды шешу керек.

Жаңа Үкімет әлеуметтік мәселемен мықтап шұғылданатын шығар. Ұлттық Қордың 50%-ын елдегі 18 жасқа дейінгі балалар есеп-шотына төлеп, қаржының етек-жеңін реттеу де күн тәртібінде. Қалай да қордаланған мәселелер шешімін тапқаны жөн.

Майшаммен қарайтын мәселелер бар

– Сыртқа кеткен активтерді қалай жеділ қайтаруға болады?

– Жаңа Үкіметтен үміт зор. Соның ішінде сыртқа заңсыз шығарылған активтерді қайтару – міндет. Осыған комиссия мүшесі болып отырғандардың кейбіреуіне сұрақтар көп. Кезінде ел қаржысы талан-таражға түсті. Сол уақытта қол қусырып қарап отырғандардың комиссия мүшесі болуға қандай хақысы бар? Тіпті, сол кездегі төрағасының Францияда вилласы бар екендігі білініп қалды. Ақыры дау болып, орнын босатты. Ол қай атасынан қалған мол қаржыға ие. Сондықтан таза, әділ лауазымды тұлғалар көбейсе екен. Бұл арада майшаммен қарайтын мәселелер жетерлік.

Алғашқыда 40 миллиард, кейін 140 миллиард, біреулер 200 миллиард доллардан астам актив сыртқа шығарылған деседі. Қанша қаржы шетел асса да, кезең-кезеңімен қайтаратын кез жетті. Қазір елге 1,5 миллиард доллар қайтты. Бұл өз еркімен қайтқан қаржы. Ал қалғандарын мәжбүрлеп қайтара ма, ол уақыт еншісінде. Осы қарқынмен тоқтамай, ашық жұмыс істесе, біршама тың өзгеріс болып қалар.

Қалталы бай-манаптарды көбірек тексерейік

– Декларацияға қатысты ой-пікіріңіз қандай?

– Декларацияны тапсырған дұрыс-ақ. Алайда, жұрттың табысын жариялаудың қажеті жоқ шығар. Десе де, лауазымдылардың декларациясын ашық болғаны абзал. Егер де бір әжеңің шетелде 2 айлағы, 3 ұшағы болса, міндетті түрде табысын көрсетсін. Мұны қайдан, қалай алғандығы сұралса екен. Бюджеттік мекемеде лауазымды қызметте істейтіндер, өзінің байлығын басқа біреудің атына жазғаны үшін жауап беруі керек. Бізде өткен жылдары бір қызық оқиға болып, жұрттың бәрі хабардар болған. Үлкен қызметтегі әкім әйелінің

Сапарбай ЖОБАЕВ, қаржы сарапшысы:

ШЕТЕЛ АСҚАН ҚАРЖЫ

кезең-кезеңмен елге қайтарылуы тиіс

Елде экономикалық реформа жүріп жатыр. Сондай-ақ, жаңа табыс көздерін қарастырып, әлеумет пен әлеуетті жақсарту басты орында тұр. Сонымен бірге, инфляцияны тежеп, қаржылық өркендеу жолына түсу қажет. Бұл – уақыт талабы. Біз бірқатар нақты істерді қолға алып, жаңа, әділ қоғамға қарай бет бұруға ниеттіміз. Осы жолда атқарар істер көп-ақ. Қазақ елінің мақсаты – дамыған әрі қуатты державалар қатарына ену. Осыған орай, экономика ғылымының кандидаты, білікті қаржы сарапшысы Сапарбай ЖОБАЕВ ПЕН сұхбаттасқан едік.



Сурет: Gov.kz

үйінде тұрады-мыс, өзіне тиесілі баспанасы да жоқ болып шықты. Көлігі де қызына тиесілі. Сонда оның ақшасы, жиған мал-мүлкі қайда кетті? Міне, парадокс!

Декларацияны 2024 жылғы кәсіпкерлер, 2025 барша халық тапсыра бастайды. Шағын және орта бизнестің табысын есептейміз деп жүріп, енді көтеріліп келе жатқан кәсіпкерлерді тұншықтырып алмайық. Кіші және орта бизнестің артына шырақ алып түскен күннің өзінде – 2-3 % түсім береді. Осыны да ескерейік. Одан да олигархтар, квазимемлекеттік сектор табысын тексерейік. Олар жеңілдікпен төлеп, небәрі 20% ғана салық төлейді. Бұл аздау, әрине. Әлбетте, заң бәріне ортақ.

Кезінде АҚШ президенті Дональд Трамп болды. Сол уақытта демократтар оның табысының бәрін тексеріп шықты. Демек, Америка Құрама Штаттарында Республикашылар мен Демократтар партиясы үнемі ашықтыққа ұмтылып отырады. Сөйтіп, бармақ басты, көз қысты-ға жол бермей келеді. Демек, ол жақта демократия бар деген сөз. Бізде де дәп осындай қос ықпалды партия жұмыс істеп тұрса, жариялылық, ашықтық және әділ қоғам тезірек орнайтын еді.

«Банк құпиясы» деген қағида бар. Оған да қарау керек. Қарапайым азаматтардың табысын жариялап қажет емес. Алайда, жоғары лауазымға ие болып, халықтың атынан сөз сөйлеп жүргендердің не істеп, не қойып жүргені ашық болуға тиісті. Бұл – әлемде бар тенденция.

Шындап қолға алсақ, бәрі болады

– Ел экономикасын 2029 жылға дейін 450 миллиардқа жеткізу межесі қойылды. Осыған байланысты не айтар едіңіз?

– Әбден мүмкін. Бұған дейін 2 рет мұндай тәуекелге барғанбыз. 2001–2007 және 2009–2015 ЖІӨ 2-2,5 есе өскен-тұғын. 2014–2022 жылға дейін бір орында тұрып қалдық. Бұған ғаламдық дағдарыс, кейінгі пандемия қатты әсер етті. Сонда экономиканың интенсивті өсуіне мүмкіндіктер пайда болды, бірақ тиімділікті дер уақытында көре алмадық. Қазіргі таңда

экстенсивті сұраныс көбейді, айлық-табыс артып жатыр, халықтың демографиялық көрсеткіштері өсті. Белсенді жұмыс істесек экономиканың өсіп-өркендеуіне ықтималдық жоғары.

450 миллиардқа жетуі үшін кемінде жыл сайын 7% өсім қамтамасыз ету керек. Нақты жалпы ішкі өнім доллармен есептеледі. Мәселен, 1 доллардың теңгеге шаққандағы бағамын 400-ге түсірсек, біраз өзгеріс болғалы тұр. Мүмкін 350 теңгеге дейін төмендесе, құба-құп. Әр жылы 12-13% өссек, нұр үстіне нұр.

Теңге кейінгі жылдары күшейіп келеді. Орталық Азияда төл валютамыз қуатты ақшалардың қатарында. Көрші мемлекеттер біздің ақшамызды іздеп жүр. Мәскеу биржасында қазақ валютасы ықпалды. Жалпы шындап қолға алсаңыз, қай істің де киноын келтіруге болады.

– Квазимемлекеттік секторды қалай ықшамдаймыз?

– Квазимемлекеттік мекемелер жеке секторға жұмыс істеуге мүмкіншілік бермей жатыр. Бұны көптен бері айтып келеміз. Алайда, құлақ асатын ешкім жоқ. Қазақ елінің ЖІӨ 55–60% квазимемлекеттік сектор уысында ұстап отыр. Дүние жүзінде «Дамыған мемлекеттердің клубы» дейтін ұйым бар. Дамыған мемлекеттердің қатарына кіру үшін әуелі осыған қосылу шарт. Бұл жаһандық ұйымның талабы бойынша квазимемлекеттік сектор 10–15%-дан аспауы керек. Дәлірек, «Самұрық қазына», «Қазақ алтын», «Қазақ-мыс», «ҚазақМұнайГаз», бәрі-бәрін жеке-шелендірейік. Тек қана стратегиялық нысандарды жекеге бермейік, мемлекет меншігінде қалдырайық.

Сыртқы қарызды уақытында өтеген дұрыс

– Қазақстанның сыртқы қарызын қалай тездетіп жабамыз?

– Бір нәрсені ұғып алайық. Мемлекеттің қарызы бар-жоғы 14 миллиард доллардың төңірегінде. Ал 130 миллиард доллардан астамы «Теңіз-Шевройл», «Қашаған» сияқты жеке компаниялардың қарызы болып саналады. Баршасын қосқанда

164 миллиард долларды құрайды. Бізге Нидерланды ең көп инвестиция салды. Өйткені, «Қашаған» кенішінен мұнай өндіру керек болды. Дивидент ретінде ме, әйтеуір тапқан пайдасынан бізге де қарыз елдер ақшасын қайтарғаны жөн. Негізі сенімді мемлекетке қарыз береді. Сыртта да Қазақстанның сақтаулы активтері баршылық. Бас-аяғы 90 миллиард доллардан асады. Соның ішінде Ұлттық Қор 60 миллиард долларға жуықтайды. Қаласақ, мемлекет қарызын бір күнде жауып қоя аламыз. Бұдан қорқудың аса қажеті жоқ.

Сыртқы қарыз өспейді екен деп тоқ-мейілісіп қарап отырмайық. Жолын тауып, ешкімге қарыз болмай тып-тыныш отырғанымыз жөн. Қайта Қазақстан өзге мемлекеттерге инвестор беретін қуатты елге айналсын.

Акция, облигацияны игере білейік

– Елге «Астана қаржы орталығының» тиімділігі бар ма?

– Уағында «Алматы өңірлік қаржы орталығы» құрылғанда бәріміз қаржылық сауаттылығымызды арттырдық. Көптеген қаржы секторын түсіндіретін кітаптар шықты. «Акция», «облигация» терминдерін білдік. Бүгінде IPO шығарылып жатыр. Нақтырақ, «ҚазақМұнайГаз» 3% сатылды. Енді Air Astana акциясы сатылуда. Азаматтар «акция», «облигация», «депозит» дегенге көбірек көңіл бөлсе екен. Бұлар экономиканың монетизациясына балаанады.

«Астана қаржы орталығы» Англияның сот жүйесімен жұмыс істейді. Инвесторлар көп келіп жатыр. Күндіз Токио, Гонконг, Сингапур қаржы орталықтары істесе, ал кешке Франкфурт-Майн істейді. Сол екеуінің арасын қосатын қаржы орталықтары Карачи мен Мәскеуде аз-аздап бар. Жер шыр айналғаннан кейін арасында үзіліс болып тұрады. Негізінен Астана бәрімен тығыз қарым-қатынас жасап ұрымтал тұсты тиімді пайдалану керек. Мысалы, бүгін Гонконгта сатылған ақша Астанада сәл көтеріліп немесе түсіп отыруы мүмкін. Осындай жақтарын жөнді пайдалана алсақ, ұтарымыз көп-ақ.

Қаржы жинай біліңіз

– Қаржыгер ретінде табысын арттырғысы келетін жандарға қандай кеңес бересіз?

– Әтәрекі, табысыңыз аздау болса, тым құрығанда 10% жинаңыз. Мүмкін болса, депозитке салыңыз. Айына 100 мың теңге тапсаңыз, 90 мың теңгесін жұмсап, 10 мың теңге болсын, топтаңыз. Қазір орташа айлық 350 мың теңгенің төңірегінде дейді. Сонда осындай жалақыдан көбірек тапсаңыз, кемінде 100–150 мың теңгесін жинай беріңіз. Бұл 50–60% дейін жинай алатыныңызды көрсетеді. Ал ата-анасынан қалған байлық болса, «акция» мен «облигацияға» басымдық бергеніңіз дұрыс болады. Жалпы, қаржы нарығында тәуір жетістікке жетіп жүргендерден ақыл-кеңес алған тиімдірек көрінеді. Мұны өз кезінде белгілі қаржыгер Марченко айтқан деседі. Қазақтың дүниетанымында «Қанағат қарын тойғызар, бейқанағат жалғыз атын сойғызар» дейді. Шама жетсе, әжептәуір табыскер болсаңыз, ақшаның тең жартысын доллармен жина-саңыз, тиімдірек. Табысты болы-ңыздар.

Сұхбаттасқан
Олжас
ЖОЛДЫБАЙ.



ӨЗ СӨЗІМ – ӨЗІМДІКІ

Мемлекет шекарасын анықтау – оңай, мәдениет шекарасын анықтау – қиын. Бұл уәжімізге барлық әлеуметтанушылар келіседі. Кейде бір мемлекет ортақ бір мәдениетке жатқызылса (айталық, Жапония), кейде бір мәдениет екі немесе одан да көп елдің территориясында «өмір сүреді» (мысалы, ағылшын, орыс немесе араб мәдениеттері секілді), бұлардың керісінше бір мемлекет ішінде екі немесе одан да көп мәдениет қатар сыйып тұратын кездері де болады. Құрылымдық-функциялық тұрғыда бұның бәрі өзінше жарасымды, өзінше заңды. Яки, қоғамды құраушы түрлі тәсілдердің реті ғана. Алайда, бұлардың ішінде соңғы бір түрін біртіндеп қоғамның қожырауына, әлеуметтік бөлініске бастаушы фактор ретінде қарастыратын әлеуметтанушылар да бар. Әсіресе, әлеуметтанудағы «конфликт теориясын» ұстанушылар солай дейді. Демек, мәдениет қаншалықты ортақ, жалпыға бірдей болған сайын сол қоғамның іргесі бүтін, тағаны берік бола түспек екен.



Бірегейлендірудің бастапқы қадамы

Қаламгерлер ордасында өткен жиынға қайта оралайық. Онда кезегімен сөз алған аға буын өкілдері ұлттық құндылық турасында әр қырынан әңгіме өрбітті. Жазушы-журналист, белгілі зерттеуші, ақын Сәрсенбек Бекмұратұлы «Бабалар болжамы – өткеннен сабақ, болашаққа қанат» атты баяндамасында жаратылыс заңдылықтарына қатысты қазаки болжамдар, амалдар, ауа райына қатысты болжамдар турасында кеңінен толғады. С.Бекмұратұлының айтуынша да елімізде белгілі бір мезгілде болған ауа райы өзгерісіне қатысты жалпы халық өзге мәдениеттің (әсіресе, орыс-славян мәдениетінің) амал-есептерін көбірек меңзеп жатады. Ал оның осы далаға ең үйлесетін қазақы өз нұсқа-мыздың бар екенін білмейді, білсе де ескермейді. Сондықтан зерттеуші жаратылыс құбылыстарына қатысты қазақы болжамдарды жүйелеп, оқу бағдарламаларына дейін енгізіп, қоғамға кең насихаттау керек деп санайды. Бұл ұлттық құндылықтарды қорғау мен дамытудың маңызды қадамы екеніне сенімді.

Ал әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Бибизия Қалшабаева қазақтың салт-сана жоралғылары жаңа буынға тиімді жолда жеткізілмей жатқанына тоқталды. Турасында, ұлттық құндылықтың үлкен бір саласы болған салт-сананы жастарға насихаттау жұмыстары жеткіліксіз дейді ұстаз. Ал Нұр-Мүбәрак университетінің ұстазы, этнограф-ғалым Досымбек Қатран кейбір жат діни ағымдардың аяқ алысына тұсау салу үшін Қазақстанның Мұсылмандар діни басқармасы қазақы пайымға, ұлттық пәлсапаға үлкен мән беруі керек екенін қосымшалады. Болашақ имамдарға сабақ беруші ұстаз Д.Қатыран қазақтың ырым-тыйымдарының астарында, салт-жоралғыларының арқауында жатқан үлкен өміршендік мәнді ашу арқылы қоғамның қызығушылығын оятуға болатыны жайында тамаша мысалдарды келтірді. «Сыр дидары» басылымының бас редакторы Сәкен Алдашбаев салт пен сана, ырым мен тыйым ұғымдарының аражігі, айырма мәндері туралы тұжырымдарды ортаға салды.

Қаламгерлер

одағындағы кеңес

Сөзді бұлай бастап отыруымыздың да өзіндік мәні бар. Турасында, біз мәдениет ұғымын ғана емес, есесіне мәдениетті таратушы құралдардың бірі – ұлттық құндылықтар тақырыбын сөз етпекпіз. Өткен аптада Қазақстан Жазушылар одағында кәдуелгі бір кеңес өткен еді, сөздің ұшын содан таркатпақпыз. Басылымымыздың өткен саны қолына тиген оқырман хабардар болса керек, ақпанның 8-і күні қаламгерлердің одағы өзінің «дөңгелек үстеліне» бірқатар этнограф-ғалымдар мен осы сала бойынша еңбектенген қаламгерлерді шақырған. Шақырған да «Ұлттық құндылықтар: кеше және бүгін» деген мазмұнда әңгіме өрбіткен. Осы ортада елге белгілі қаламгер тұлғалар қазіргі қоғамдағы ұлттық құндылық, оның мемлекет болашағындағы маңызы мен мәні турасында сәруар сөздерін ортаға салды.

Сол жиында алғашқылардан болып сөз алған белгілі публицист, жазушы Марат Токашбаев қоғамда әбден түйіншектелген бір түйінді талқы ортасына тастады. Түйін – «ұлттық құндылық» ұғымына қоғамда ортақ түсініктің жоқтығы болатын. Біздің қоғамда әлі күнге дейін Ұлттық идеологияны әркім әр тараптан іздейді. Әрі тап сол секілді ұлттық құндылықты да әркім «өзі шыққан тауынан» іздеп жатады. «Этнографтар «ұлттық құндылықты – әдет-ғұрпымыз» дейді; педагогтар «ұрпақ тәрбиесі» дейді; енді біреулер «ұлттық құндылықтың көкесі – өнер» дейді; саясаттанушылар «ұлттық құндылықты ел бірлігі» дейді; тағы біреулер «ұлттық құндылық – біздің қонақжайлылығымыз» деп білгішсінеді. Шынтуайтында, ұлттық құндылық дегеніміз не?» деген сауалын ортаға салған болатын.

Артынша оған өзі былай деп жауап берді: «Қазақстан Республикасының ұлттық құндылығы» деп аталатын еңбектің авторы ретінде мен үшін ұлттық құндылықтардың ең бастысы – Қазақстанда Ұлттық мемлекет құру», – дейді М.Токашбаев. Әрине, ұлттық құндылықтар турасында қаламгердің бұл сөзі терең пайымнан шыққан тұшымды сөз. Дегенмен, бізше әлеуметтану тұрғысында «құндылықтар» немесе «ұлттық құндылықтар» ұғымын тап басып тұрмағандай көрінді. Турасында, қаламгер мұны қоғамымыздың ортақ ұстанымы, ортақ әлеуметтік-саяси мұраты, былайша айтқанда, ұлттық идеологияның құбыланамасы ретінде алға тартып отырған болса керек. Сонымен, біз өз тарапымыздан аталмыш ұғымдарға әлеуметтану ғылымы негізінде жалпы оқырман үшін жауап іздедік.

Мәдениет – әлеуметтік өнім

Мәдениет, бұл – әлеуметтік өнім. Былайша айтқанда, оны жеке тұлға қалыптастыра алмайды, әлеуметтік қарым-қатынастар барысында көпшіліктің ортақ өмір сүру тәсілі ретінде қарастырылған ортақ өнімі. «Мәдениетті биологияның емес, қоғамның нәтижесі» дейді әлеуметтанушылар. Мұның өзі де



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Мәдениет ұғымы жалпы әлеуметтік өнім екенін дәлелдей түседі. Ал оны тереңдей қазбалай түсетін болсаңыз, мәдениеттің заттық және бейзаттық формалары да болатынын білеміз. Былайша айтқанда, күнделікті өмірде тұтынатын заттық және бейзаттық өнімдерді қалай тұтыну, қандай ортақ ережелерге жүгіну сынды іс-әрекеттердің қалыбын мәдениет деуге болады.

Біз өзіміздің өмірімізден мысал келтіретін болсақ, қазақстандықтардың басым көбі қазақ тілінде сөйлеп, осы қоғамдағы маңызды құндылықтарды, тұрмыс-салт жоралғыларын ұстанып, ортақ ережелерін орындауы; қазықарта, қымыз-қымыран тұтынуы; өзіндік киім үлгілерінің, өзіндік музыкалық бояуларының болуы; қандай заттарды көбірек пайдалануы, балаларының қандай ойыншықтарды ойнауы, сонымен қатар көшелері, қала құрылыстары, тұрғын үйлерінің орналасуы, жер-су атаулары, т.б. толып жатқан ортақтықтар құрала келіп осы елдің заттық және бейзаттық мәдениет қалыптарын түзіп тұр. Мұны ауқымды түрде «қазақстандық мәдениет» деп жұмсартып айтып жүрміз. Тап осы мәселені де түбегейлі, дербес талдауға әбден болады.

Енді осы мәдениет өнімдерін тасымалдаушы маңызды нәрселер бар. Олар – тіл, құндылықтар және нормалар. Әлеуметтануда тіл мәдениет сынды ауқымды әлеуметтік өнімді түсіндіруге аса маңызды нысан ретінде қарастырылады. Мәдениеттің ең басты мәні оны тұтынушылар сол арқылы бір-бірімен мән-мағына алмасады, солай әлеуметтік өмірін қамтамасыз етеді. Осы ретте тіл тұтас мәдениеттің өз қалыбы, өз символы, өз бейнесі деп танылады. Былайша айтқанда, мәдениеттің ең негізгі көрсеткіші, айқындалушысы – тіл. Осыған келгенде біз Қазақстандағы мәдениетті қалай түсіндіре аламыз? Біз өз еліміздің мәдениетін қалай бейнелейміз?

Осыдан кейін ғана «құндылықтар», «ұлттық құндылықтар» мәселесіне дөп келеміз. Яғни тұтас сөзімізге арқау болып

отырған «құндылықтар» немесе «ұлттық құндылық» ұғымдары мәдениеттің сонау терең қан тамырындағы тасымалдаушы екен. Оны әлеуметтанушылар қысқаша «қажетті мақсаттар туралы ортақ идеялар» деп түсіндіреді. Құндылық турасындағы әлеуметтанушылар мен мәдениеттанушылардың ұзақ теорияларын былайша түсіндіруге болады: Құндылықтар – мәдениет өкілдерінің өскелең өмірді қамтамасыз етуші, ізгілікті, қауіпсіздікті бекітуші деп бағалағандары.

Бұдан кейін мәдениеттің тасымалдаушысы ретінде нормалар аталады. Ол өздігінен түсінікті қоғамдық ережелердің (жазылмаған заңдардың) жиынтығы екенін білеміз. Құндылықтың ғылыми мәнін қарастыра келгенде біз өз қоғамымыздағы ұлттық құндылыққа қатысты түйткілдің түйіншегі қайда жатқанын білгендейміз.

«Ауруын жасырған өледі»

«Ауруын жасырған өледі» дейді. О бастан біздің әлеуметтік сырқатымыздың диагнозы дұрыс қойылмады ма, әлде дұрыс қойылса да ауруымызды жасырып келеміз бе? Бұдан бұрынғы билік буыны кезінде Қазақстанда «ұлт» (Nation) пен «мемлекет» ұғымы, «ұлттық» (National) пен «мемлекеттік» ұғымының аражігі ажырап қалды. Осының зардабы екені анық, біз ұдайы ұлттық құндылықтарға, ұлттық идеологияға қатысты сауалдарға айналсоқтай береміз. Не жауабын тауып, бір сөзге тоқтай алмаймыз, не мүлде ойламасқа санадан сырып тастай алмаймыз.

Енді мына сұрақтарды ашық-айқын қоятын кез жеткен секілді: Қазақстан сірә, қандай мәдени кеңістікте? Мәдениетінің тасымалдаушылары қайсы? (тілі, құндылығы, нормалары). Еліміздегі ұлттық құндылық қайсылар? Ұлттық құндылығымыз деп жүргендеріміз жалпыға бірдей ме? Әлде біздің қоғам түрлі құндылықтарға, түрлі мәдени кеңістіктерге жіктелген бе?

Міне, осы талқы үстелінің өзінде көрінгендей, шынымен де, ұлттық құндылықтарды әр сала өкілдері әр қырынан қарастырады. Және баяндама иелерінің пікірінше, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау жеткілікті деңгейде емес. Бірақ осы ұлттық құндылықтардың заманаға сай трансформациялануы турасында да сөз болды. Осы тұрғыдан қарағанда, ұлттық асыл мұрат жолында, еліміздегі ұлттық құндылықты, тілді және жалпы мәдениетті бірегейлендірудің бастапқы қадамы анықталғандай. Яғни ұлттық құндылықтарды жүйелеп, оларды жалпы қазақстандық құндылыққа айналдыра алғанда ғана оны ұлттық бірегейлігіміз ретінде өзге жұртқа көрсете аламыз. Онсыз біз өзге жұрт үшін басқа бір мәдениеттің немесе қойыртпақ мәдениеттің өкілі ретінде танылып, түбегейлі ұлттық мұратқа жету барған сайын алыстай беретіндей.



Естай БОЖАН, сарапшы.



ТҰЛҒАТАНУ

ҚР Мемлекеттік орталық музейі Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясымен бірлесе келе, кинорежиссер, Қазақстан мен КСРО халық әртісі Шәкен Аймановтың 110 жылдығына арналған «Қазақ киносының жарық жұлдызы» деген мәдени-танымдық іс-шара ұйымдастырды.

Айнабай
МӘДИ

ҚР Мемлекеттік орталық музейі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Ғалия Теміртонқызы мен Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ президенті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Азамат Сатыбалды сөз бастады. Сондай-ақ, Ш.Аймановтың шәкірттері, қазақ киносының шоқтығы биік тұлғалары – Халық әртісі Асанәлі Әшімов, Қазақстанның Халық әртісі Нұржұман Ыктымбаев сынды өнер қайраткерлері ұлттық театр өнері мен кино саласының қалыптасуына бүкіл ғұмырын арнаған Шәкен Аймановтың өмір жолынан сыр шертіп, естеліктерімен бөлісті.

Іс-шара аясында ҚР Мемлекеттік орталық музейі қорындағы Шәкен Аймановтың фотоматериалдары, марапаттары, жеке заттарынан құрылған шағын көрме ұйымдастырылды. Көрмеден орын алған көрнекті экспонаттардың қатарында Ш.Аймановтың «Алдар көсе» фильміне түскенде қолына ұстаған асатаяғы, өзі шерткен домбырасы, шахмат тақтайшасы, түсірілім алаңында пайдаланған рупр, сондай-ақ 1970 жылы «Атаманның ақыры» фильмі түсірілген камера, киімдері, қаламсаптары мен үстел сағаты секілді т.б. ерекше жәдігерлер бар.

ӨМІР ШЕЖІРЕСІНЕН

Шәкен (Шаһкерім) Айманов кішкентай кезінен жездесі Қали Байжановтың әндерін тыңдап өскен. Ауыл мектебін бітіріп (1928), Семейдегі педагогикалық техникумға оқуға түскен. Семей мұғалімдер техникумында оқып жүргенде 1932 жылы Алматыдағы Қазақ драма театрына шақырылады.

Айманов 1932-1933 жылғы маусымнан театрға жұмысқа қабылданды. Ол алғашында бірқатар рөлдерді ойнады. Көп ұзамай классикалық пьесалар бойынша қойылған спектакльдерде басты рөлдерді шебер орындауымен көпшілік көзіне түседі. Әсіресе, оның орындауындағы Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Петруччо, Отелло рөлдері ұлттық театр тарихында өшпес із қалдырды. Айманов актерлік өнерімен қатар режис-

КИНО ӘЛЕМІНІҢ КОРИФЕЙІ

Даңқты театр, атақты режиссер Шәкен Аймановтың туғанына – 110 жыл



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

серлік шығармашылықпен де айналысып, спектакльдер қояды.

1947–1951 ж.ж. қазіргі Қазақтың академиялық драма театрының бас режиссері болды. «Абай әндері» (1945), «Жамбыл» (1947) көркем фильмдерінде күрделі экрандық бейнелерді сомдады. 1953–1970 ж.ж. «Қазақфильм» студиясының көркемдік жағын басқарып, қазақ кино өнерінің өркендеуіне үлкен үлес қосты. Оның қойған көркем фильмдері: «Махаббат туралы аңыз» (1953), «Алдар көсе» (1965), «Атамекен» (1966), «Найзатас баурайында» (1968). Көрермен қауымның ой-талғамынан шыққан «Біздің сүйікті дәрігер» (1958) мен «Тақиялы періште» (1969) фильмдері ұлттық кино өнерінде комедиялық жанрды дамытудағы соны ізденістерімен ерекшеленді. Оның соңғы қойған «Атаманның ақыры» (1970) фильмі режиссер Айманов шығармашылығының биік шыңына айналды.

Ш.Айманов Қазақстан Кинематографистер одағын ұйымдастыруға қатысып, одақ басқармасының 1-хатшысы (1958–1970) қызметін атқарды. КСРО Мемлекеттік сыйлығының

(1952), Қазақ КСР-і Мемлекеттік сыйлығының (1968) лауреаты. 1970 жылы 24 желтоқсанда Мәскеу қаласында жол апатынан қайғылы қазаға ұшырады, Алматы қаласында жерленді.

БАЯНАУЫЛДЫҚТАР
БАСТАМАСЫ

Қазақ киносының атасы Шәкен Аймановтың 110 жылдығына орай баянауылдықтар төл перзентінің есімін ұлықтау шараларын бастап кетті. Жуықта әйгілі тұлға атындағы мектеп-интернатта бюст ашылды.

Осыдан біраз жыл бұрын Баянауылдың қақ ортасынан тұлға үлкен ескерткіш-композиция орнатылса, енді міне бюсті ашылды.

Бүгін біртуар режиссер, актер Шәкен Аймановтың туғанына 110 жыл. «Біздің сүйікті дәрігер» фильмі Шәкен Аймановқа үлкен танымалдық әкелді. Кинокартинада ол өзін режиссер әрі актер ретінде көрсетті.

Ал «Алдар көсе» фильмінде сценарий авторы, қоюшы-режиссер және басты рөлді орындаушы болды.

Шәкен Айманов өзінің фильмінде тұңғыш рет Cameоны қолданды. Cameo (ағылш. cameo IPA [ˈkæmiou], көне француз тілінен. сатаіеи – cameo) – фильмдегі, театр қойылымындағы, теле немесе радиошоудағы, бейнеойындағы эпизодтық рөл, белгілі адам орындайтын жанрлық ерекшелік. Бұл жанрлық ерекшеліктің элементін бүгінгі күні Досқан Жолжақыс-новтың «Біржан сал», Ермек Тұрсыновтың «Шал» кинофильмдерінен аңғарғандаймыз. Шәкен «Ән шақыруда», «Бір ауданда», «Дала кызы», т.б. фильмдерін түсірді. Талантты режиссердің 110 жылдық мерейтойы оның бірегей туындыларын еске түсіруге себеп болды.

P.S. Алматыдағы №78 мектеп-гимназияда сынып жетекшілері Шәкен Аймановтың 110 жылдығына арналған «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» тақырыбында сынып (тәрбие) сағатын өткізді. Кейінгі ұрпақ бірегей тұлғаны білуді тиіс.

ФЕСТИВАЛЬ-КӨРМЕ

ҚАСТЕЕВ ҚҰДІРЕТІ

Мұғалімдер арасында «Өнерлі ұстаз – ұрпақ болашағы» атты қалалық байқау өтті

Әбілхан Қастеевтің туғанына 120 жыл толуына орай қаладағы көркем еңбек мұғалімдері арасында «Өнерлі ұстаз – ұрпақ болашағы» атты қалалық фестиваль-көрме байқауы өтті.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы Білім басқармасы және Көркем еңбек, бейнелеу өнері және технология пәндері мұғалімдерінің қауымдастығы ұйымдастырған байқауға суретшінің ұрпақтары, мәдениет және қоғам қайраткерлері қатысты. Байқаудың мақсаты – шығармашылықты дамыту барысында талантты және білікті көркем еңбек пәні мұғалімдерінің жұмысын бағалау, оқушыларға үлгі ету.

Байқауға 200-ге жуық көркем еңбек пәні

мұғалімі қатысып, қазылар алқасына өздерінің шығармашылық жұмысын ұсынды.

– Мектебімізде «Өнерлі ұстаз – ұрпақ болашағы» байқауы өтті. Қала бойынша өткізілген іс-шара мұғалімдердің кәсіптік деңгейін, шығармашылығын дамытуға бағытталған. Қаланың барлық мектебінен келген ұстаздардың еңбектері көрмеге қойылды. Оқушылардың байқауын бұған дейін бөлек өткізгенбіз. Оқушыларға сабақ беретін мұғалімдердің қаншалықты дарынды екенін көрсеткіміз келеді, – деді №148 мектеп-гимназиясының директоры Кәмшат Қасымова.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Берікжан АЙТҚҰЛҰЛЫ,
профессор, Ы.Алтынсарин ҰБА академигі:
Тұңғыш реалист-суретші

Дара тұлға, қазақ бейнелеу өнерінің ізін салушы Әбілхан Қастеев ағамыздың 120 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар жыл бойы ұйымдастырылады. Қастеевтің қасиетті қылқаламынан тек өміршең туындылар туды. Мен өзімді бақытты адам деп санаймын. Себебі, Әбілхан ағам көрген адаммын. «Мына дүниені көрмей, көңілге тоқымай ешуақытта шынықты жасай алмайсыздар» деген еді. Реализм деген натурадан екенін осы кісіден білдік. Әбілхан ағамның қылқаламы, құдіретті күші қазақ халқын дүние жүзіне танытты. Ол – тұңғыш реалист-суретші.

ТАҒЗЫМ

15 ақпанда Ауғанстаннан кенес әскерлерінің шығарылғанына 35 жыл толды. Осыған орай 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағындағы мәңгілік алауға және «Ауғанстан және басқа елдер аумағында әскери іс-қимыл кезінде қаза тапқан қазақстандық жауынгерлер» ескерткішіне гүл шоқтары қойылды.



(Суретті түсірген автор).

БАТЫРЛЫҚ ДАСТАНЫ

Мәңгілік алауға гүл шоқтары қойылды

Досбол
АТАЖАН

Іс-шара барысында әскери қоян-қолтық ұрыс шеберлерінің көрме қойылымдары мен әскери-патриоттық ән концерті өтті.

– Ауған жерінде 10 жылға созылған сұрапыл соғыста қаза тапқан жерлестерімізді еске алу үшін жиналып отырмыз. Өткен жылдан бастап бұл күн мерекелік күндердің қатарына енгізілді. Биыл Ауғанстаннан кенес әскерлерінің шығарылғанына 35 жыл толып отыр. Ерліктің даңқын асқақтатып, өздерінің азаматтық тұр-тұлғасын танытып жүрген ардагерлеріміз қашан да мадақ пен марапатқа лайықты жандар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біз батырларымыздың ерлігін үнемі дәріптеп отыруымыз қажет. Осыған орай, әскери-патриоттық тәрбие берудің 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеу керек» деп атап өтті. Осы міндетті жүзеге асыруда сіздердің үлестеріңіз зор болады деп сенемін, – деді Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков

28 панфиловшылар саябағындағы гүл шоқтарын қою рәсіміне қала әкімшілігінің өкілдері, Ауған соғысының ардагерлері мен олардың туған-туыстары, Қазақстанның қарулы күштерінің сарбаздары және қала тұрғындары қатысты.

– Ауған соғысының ардагерлерін осындай атаулы күнмен құттықтағамыз келеді. Мен Ауғанстанда көп жыл қызметте болдым. Кеңес әскерлері шығарылғаннан кейін тағы 4 жыл қалуыма тура келді. Бірақ біздің сол кездегі билік тарап, біз соғысқан қарсыластарымыз серіктестерімізге айналған кезде, олардың шынайы жауымыз емес екенін түсіндік. Біз геосаяси тартыстың құрбандары болдық. Кеңес әскерлері шығарылғаннан кейін Ауғанстанда азаматтық соғыс басталды. Одан кейін АҚШ әскері 20 жыл болса да, бейбітшілік әкеле алмады. Менің айтқым келгені, қарудың күшімен билікке келіп, халықты бақытты етемін деу қашан да сәтсіздікке ұшырайды. Ауған соғысында алған тәжірибемізді дұрыс пайдалануға шақырамын, – деді генерал-майор Өміртай Бітімов.

Сондай-ақ, атаулы күннің мерейтойы қарсаңында Алматыда бірқатар іс-шаралар өтті. «Алатау» сарайында Ауған әскери әні мен әскери-патриоттық ән концерті өтсе, ҚР Орталық мемлекеттік музейінде мерейтойлық күнге арналған көрме ашылды.

Ресми деректер бойынша, Ауғанстандағы соғысқа 22 296 қазақстандық қатысып, 929 адам қаза тапқан, 19 адам хабаршарсыз кеткен және мыңдаған адам мүгедек болып оралған. Бес қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры, біреуіне «Халық Қаһарманы» атағы және екі адамға «Айбын» ордені берілді.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

«КӨП АСҚАНҒА – БІР ТОСҚАН»

Ұры ұсталмай, ұрлық ашылмайды

Қалада ұрлықтың төмендеу үрдісі байқалатынын газеттің өткен нөмірлерінің бірінде жазғанбыз. Полиция департаментінің ресми өкілі былтыр қылмыс 36,8 %-ға, оның ішінде пәтер тонау мен автокөлік салонынан ұрлау азайғанын мәлімдеген еді. Қалада ұрлық ашылып, ұры ұсталғанымен, қала іргесіндегі аймақтарда қылмыстың ашылу деңгейі төмен болып тұр.

Өткен жылы Алматы полициясы бөтеннің мүлкін ұрлаған 3079 адамды ұстады, оның 150-ден астамы – шетелдіктер. Соның нәтижесінде 118 пәтерді тонаған 24 топтың қылмыстық әрекетінің жолы кесілген. Сондай-ақ, көліктердің құлпын бұзып, әйнекті сындырып, бөлшектеу арқылы ұрлықпен айналысқан 17 топ ұсталды. Қоғамдық орындарда азаматтардың жеке мүлкін ұрлаумен айналысқан 119 топтың заңсыз әрекеті анықталды. 314 ұры ұсталып, бөтеннің мүлкін ұрлаудың 488 дерегін жасағаны үшін сотталды.

Ұрлық ашылмай, ашылған күннің өзінде берілетін жаза жеңіл болған соң қылмыскер бұрынғы жасаған қылмысын қайталайды. Әккі ұрыларға жазадан кейін қайта қылмысқа бару үйреншікті әдетке айналып кеткен. Сондықтан ұрыны қылмыстың үстінде ұстау – полицияға да, тергеушіге де әлдеқайда тиімдірек болады.

Үйге түсетін ұрлық – қылмыстың кең тараған түріне жатады. Тұрғындардың кейбірі үйіне ұры түскенін хабарлап, полицияны шақырғанда, жауапты инспекторлар келмейтінін айтып шағымданады. Тәртіп



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

сақшыларының салғырттығын айтып, жергілікті учаскелік полицейлердің қылмысты ашудағы әрекетіне көңілі толмайды. Ал пәтер ұрлығы бойынша арыз түскеннен кейін уақытында жедел іздестіру әдісі жүргізілуге тиіс. Тағайындалған тергеу қызметі қылмыс болған үйге барып, үй иелерінен арыз қабылдайды. Үй маңында бейнебақылаудың немесе көршілердің арасында куәгерлердің бар-жоғын анықтайды.

Бұрын тергеу ісімен айналысқан Асқарбек Беймбетов: «Қала маңындағы аймақтардағы қылмыстың ашылу деңгейінің төмен болуының басты себебі – көшедегі бейнебақылау камераларының аздығы. Қаладағы үй-жайларда бейнетаспа болмаса да, көшеде, үйдің жанындағы дүкен, салон, т.б. ғимараттарда бейнебақылау камерасы орнатылған. Сондықтан қалада ұрлықты ашу әлдеқайда жеңіл әрі оңай. Ал ауылдық жерлерде, қаланың шетіндегі жер үйлерде ондай камералар аз немесе мүлдем жоқ. Қылмысты ашудағы басты қиындық – осы», – дейді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асқарбек БЕЙМБЕТОВ,
Алматы облысы бойынша қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы:

Ұры алыстан келмейді...

Тұрмыстық жағдайдың төмендігіне байланысты елдімекендерде ұрлық жиі болып тұрады. «Оңай ақша табамын» деген желеумен пәтер ұрлығына баратындардың саны азаймай тұр. Сондықтан ұрлық пен тонауды жиі тіркелетін қылмыстардың санатына жатқызамыз. Үйге ұрлыққа түсетін қылмыскерлер үйде бейнебақылау бар-жоғын анықтап алып, әрекет етеді. Егер бейнетаспа болса, оған түсіп қалмау жағын әбден ойластырады. Қылмыскерлер бұрын көбіне мүлік (теледидар, шуба, т.б.) ұрлайтын. Қазір тапа-тал түсте көзге түсіп қалатынын білетін ақылды ұрылар көбіне ұсақ заттарды ұрлайды. Ақша кез келгеннің қолында бар дүние. Ол ақшаның ұрланғанын дәлелдеу қиынға соғады. Алтынды бірден ломбардқа өткізе салады. Ал ломбардтар ешқандай құжат сұрамайды,

ол бұйымды қайдан алғаны туралы мәлімет жинамайды.

Ұрлық болғаны туралы арыз тіркелгеннен кейін, тергеушінің әрекеті тергеу тобындағы криминалист мамандар саусақ іздері арқылы айғақ қарастырады. Ізін суытпай іздестіру мамандары ұрыны тапқанша әрекет етеді. Бейнетаспалар міндетті түрде қаралады.

Үйдің иелері жұмысқа, демалысқа кеткен уақытын бақылайды. Олардың өзіндік ұрлыққа түсу әдістері әртүрлі болады.

Мүлік ұрлығына қатысты істі алып қарайық, телефон ұрлығы болса, телефон компанияларына детализация жасалып, телефонның қай жерде екені анықталады. Бірақ қазір көбіне ұрланған ұялы телефондарды шетел асырып жібереді. Көрші Қырғызстан мен Өзбекстанға жібереді. Себебі, ұрланған телефон елдің ішінде болса, оны табу аса қиындық тудырмайды. Сол үшін осындай айла-тәсілдерге барады. Ұрланған заттың ерекше белгілерін сұрап, оны табуда барлық мүмкіндікті қолданады. Кейде тергеушілер кеш әрекет етіп жатады немесе мүлдем шара қолданбай, салғырттық танытады. Дер кезінде әрекет етпей, қылмысты жаба салады.

Тергеуші жәбірленушіден жауап алған кезде ұрланған мүліктің ерекше белгілерін мұқият анықтап алу керек. Әлеуметтік желіде, теледидарда ізін жасырып, ұрлыққа барудың әртүрлі заманауи әдістерін көрсетеді. Пәтер ұрлығында қандай тәсілдер тиімді екенін айтатындар бар.

Ауылдық жерлерде ұры алыстан келмейтінін бәрі біледі. Жергілікті учаскелік инспекторлар да кімнің қандай әрекет жасайтынын, қандай тәсілмен ақша табатынын жақсы біледі. Сондықтан ондай қылмыстарды ашу оңай. Ал енді ұйымдасып, әрекет ететін қылмыскерлер алыс, ешкім танымайтын жерге барып, ұрлыққа түседі. Қолайлы үйді іздеп, сол үйдің тұрғындарын әбден зерттейді. Ауқатты адамдар қылмыскерлердің көзіне бірден түседі. Сөйтіп, олар туралы мәлімет жинайды.

Қылмыстық кодекстің 188-бабының 1-бөлігі 3 жылға дейін, 2-бөлігі 5 жылға дейін, 3-бөлігі 7 жылға дейін және 4-бөлігі 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жаза-сы көзделгенін ескеру керек.

ПОЛИЦИЯ



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

«ТОСҚАУЫЛ»

Алматыда есірткінің заңсыз айналымына қатысты 12 қылмыс ашылды

Қалада есірткіге қарсы құқық бұзушылықтың алдын алу және анықтау бойынша қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында «Тосқауыл» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

Іс-шара кезеңінде есірткінің заңсыз айналымына қатысты 12 қылмыс ашылды. 8 келіден астам есірткі тәркіленді, оның 7 келіден астамы – синтетика.

«Арнайы іс-шара нәтижесінде

31 жастағы азамат ұсталып, одан аса ірі көлемде есірткі заттары, атап айтқанда, 500 граммнан астам кокаин, 400 грамм МДМА есірткісі және 31 граммнан астам мефедрон табылып, тәркіленді. Күдікті қамауға алынды. Сонымен қатар, іс-шара кезеңінде есірткі зертханасы жойылды, онда жалпы салмағы 1 келіден асатын сатуға дайын тұрған «мефедрон» өнімдері табылды. Зертханалық құрал-жабдықтар мен синтетикалық есірткі өндіруге арналған түрлі прекурсорлар тәркіленіп, қылмыстық іс материалдарына қосылды», – деді Алматы қалалық ПД есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының бастығы Ерлан Әлмағамбетов.

ТЕРРОРИЗМ

ЕРІККЕН «ЕРКЕЛЕР»
ЖАЛҒАН ҚОҢЫРАУ СОҚСА,

18 млн теңгеден астам айыппұл төлейді

Полиция ведомствосында терроризм актісі туралы жалған хабарлама үшін жауапкершілік қарастырылатынын еске салды.

«25 қаңтардан бастап Telegram мессенджерінде мектептерге шабуыл жасау қаупі туралы анонимді хабарламалар тарала бастады. Хабарламалар Қазақстанның алты қаласында, яғни Ақтөбеде, Атырауда, Алматыда, Павлодарда, Қарағандыда және Қостанайда келіп түскен.

Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау фактілері бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды. Барлық қажетті тергеу әрекеттері жүргізілуде. Қазіргі уақытта Алматы, Ақтөбе, Атырау және Павлодар қалаларында таралған хабарламаларға ТМД елдері азаматтарының қатысы бар екені анықталды.

Шетелдік әріптестермен олардың қылмыстық әрекеттерін әшкереу бойынша тиісті іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Алайда, тергеу мүддесіне байланысты біз әзірге бұл фактілер бойынша толық түсініктеме бере алмаймыз. Сондай-ақ, Қарағанды және Қостанай қалаларында шабуыл жасау



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

қаупі бар хабарламалардан кейін кәмелетке толмағандардың Telegram-арналарын ашқаны анықталды. Олар бұрын таратылған хабарламалардың мәтінін көшіріп, оқу орындарының фотосуреттерін орналастырып, өз мектептерінің чаттарына жалған ақпарат жолдаған. Қазіргі уақытта Қарағанды қаласы №15 орта мектебінің жетінші сынып оқушысы және Қостанайдағы №3 мектеп-гимназиясының төртінші сынып оқушысы анықталды. Олардың қылмыстық жауапкершілік жасауына жетпегені ескеріліп, ата-аналары бала тәрбиесіне көңіл бөлмегендері үшін әкімшілік жауапқа тартылды. Сондай-ақ, сот шешімі бойынша олар жедел қызметтерді жалған шақыртуға және білім

беру объектілерін тексеруге байланысты мемлекетке келтірілген залалды өтейтін болады. Шығын көлемі екі миллион теңгеге дейін жетуі мүмкін», – деді ПМ имидждік жұмыс және ішкі коммуникациялар департаментінің бастығы Альбина Махамбетова.

Терроризм актісіне дайындық туралы көрінеу жалған хабарлама үшін 5 мың АЕК мөлшерінде, яғни 18 млн теңгеден астам айыппұл не болмаса 5 жылға бас бостандығынан айыру немесе шектеу жазасы қарастырылады. Дүрбелеңге жол бермеу үшін полиция халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ! «Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,2 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,2 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,2 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді Post.kz сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет Post.kz-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет 24/7 қолжетімді.

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 14 ақпандағы №1/1-41 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 9 ақпандағы №47.1-47/220-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Елдімекендердің ортақ пайдалануындағы объектілердің құрылысы (хореографиялық училищесі) үшін, Алматы қаласының Алматы ауданындағы орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иелері жүргінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

- Занншамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
- жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің төңіріміне берсін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 14 ақпандағы №1/1-41 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадатрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	«Арман-Сауда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-009-118	Масаншы көшесі, 59 А үй	0,1841
2.	Биекенов Берик Кенесович	20-311-009-045	Масаншы көшесі, 61 үй	0,0221
3.	«Alina Property» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-009-166	Масаншы көшесі, 67 А үй	0,0826
4.	«Alina Property» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-311-009-054	Масаншы көшесі, 67 А үй	0,3374

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 71/Б, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аумағында орналасқан 1060 орынды жатақхана құрылысы» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар 23.02.2024 жылдан бастап 5 жұмыс күні ішінде қоғамдық талқылау арқылы өткізіледі.

Жобалық құжаттама пакетін Бірыңғай экологиялық порталдың <https://ecportal.kz/> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде ескертулер мен ұсыныстар беру үшін табуға болады.

Жобаға тапсырыс беруші: «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КЕАҚ».

Жобаны әзірлеуші: Алматы қаласы, «Таугүл-1» ықшамауданы, 33 Б корпус, тел.: +7 701 044 18 88 мекенжайында орналасқан «Архитекторы Астаны» ЖШС.

РООС секциясын әзірлеуші: «УК-ПРОЕКТ» ЖШС Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 7/1 ғимарат, 17-пәтер, пошталық индекс 070003, тел.: +7 705 801 68 44.

Жергілікті атқарушы орган – «Алматы қаласы Экология және қоршаған ортаны қорғау департаменті» КММ, электрондық поштасы: u.pirp@almaty.gov.kz, мекенжайы: Алматы қ., Республика алаңы, 4, жалғасы. Тел.: +7 777 068 56 38.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ: СЕБЕП ПЕН САЛДАР

«Сыбайлас жемқорлық» ұғымы бүгінгі таңда еліміздің түрлі деңгейдегі ортада және БАҚ-да жиі талқыға түсетін тақырыптардың бірі. Қазақстан Республикасы 2023 жылы Transparency International «Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі» рейтингінде 39 балмен 93-орында орналасқанын ескерсек, осы тақырыптың өзектілігі түсінікті де болады. Бұл құбылыс тұтас алғанда мемлекеттің дамуына, ал жеке тұлғаларға еліміздің әрбір азаматының өміріне өсуіне кедергі болып, ұлттық қауіпсіздігімізді шайқалтатынын жете түсінгеніміз дұрыс болар еді. Басқаша айтқанда, америкалық криминалог Сатрелендтің пікірінше, өз өкілеттіліктерін заңсыз пайдаланатын «жауапты мемлекеттік лауазымға ие және мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті тұлғалар» өз кәсіби қызметін іске асыру барысында зорлық көрсетпей-ақ қылмыс істейтін «ақ жағалы қылмыскерлер» болып табылады.

Қылмыстың негізгі себебі адамдар әрекет ететін өмірлік жағдаяттармен айқындалады, тиісінше «ақ жағалы қылмыскерлерде» қызметке орналасқанға дейін белгілі бір ортада әлеуметтік қарым-қатынасқа түсіп, өзіндік ерекшеліктері қалыптасқан адам болып табылады. Криминалогияда «қылмыс» әлеуметтік болмыс деп қабылданады. Сыбайлас жемқорлық басқа да қылмыстармен ұштаса келе әлеуметтік қалыпқа негізделеді. Басқа сөзбен айтқанда, сыбайлас жемқорлық қылмысқа жетелейтін бірнеше себеп пен салдарды атап өтуге болады.

Басты себептің бірі, ол – экономикада нарықтық қатынастардың жетілмегендігі, заңнамаларда кездесетін олқылықтар, ел азаматтарының бойында адамгершілік ұстанымдарының қалыптаспауы деп көрсетуге болады.

Еліміз егемендігін алған алғашқы жылдары экономикада нарықтық қатынастардың болмауы немесе жетілмегендігі өзекті мәселе болған еді. Социалистік қоғамның күйреуі, идеалдардың ауысуы, еліміздің жаңа саяси тұғырын айқындауы мемлекетіміз алдында мүлдем басқа міндеттер қойды. Өкінішке орай, осы жылдары бойына патриоттық рухты сіңірмеген, адамгершілік ұстанымы шайқалып, өзгерген ұрпақ жетілді және олар жеке бас пайдасын ұлт, ел мүддесінен жоғары қойып, өз тұрмыстық жағдайын жақсартуды кез келген жолмен іске асыруға дайын болды. Міне, осы аумалы-төкпелі уақытта ержетіп, сол күндердегі әлеуметтік қарым-қатынаста қалыптасқан отандастарымыз кейін де кез келген өмірлік жағдаяттарда ең алдымен өз жеке бас пайдасын ойлап, табыс табуды алдына мақсат етіп қойып, осы әрекеттері арқылы сыбайлас жемқорлыққа оңтайлы орта тудырып отырды. Білім беру жүйесіне қатысты салада жалпыға бірдей орнатылған ережелерден тыс, ерекше жеңілдіктер берілген тегін білім алу жолдарын іздесе, жұмысқа орналасу барысында «көкелер» іздеп туыстық – кландық жолдарын қарастырса, қылмыстық-процесуалды ортада жазадан жалтару, мүмкіндігінше жауапкершіліксіз құтылу жолдарын тауып қоғамда адамгершілік ұстанымдардың берік болып дамуына кедергі келтіруде.

Ел егемендігінің бастауында қабылданған заңнамалардың басым көпшілігі ақпараттық технологиялардың қарыштап дамыған кезеңінде ескіріп, жаңаруды талап етеді. Осыған байланысты еліміздің сан алуан бағыттардағы қызметін реттейтін заңнамаларға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Алайда, осы өзгерістер заңдық күшіне ие болғанға дейін адамгершілік ұстанымы төмен тұлғалар осы жағдаятты өз пайдасына асыру мүмкіндігін қалт жібермеуге тырысатыны белгілі. Бұдан өзге, қылмыстық пиғыл болмаса да, тиісті саланы реттейтін заңнамалық актілерде өз негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдігі болмаса да, бір-біріне қарама-қайшы келетін тұстары орындаушыларды шатастырып, қате шешімге жол беретін жәйт кездесетінін де атап өту керек.

Экономикада нарықтық қатынастардың дұрыс жетілмеуі мен заңнамалық олқылықтар жүйелі сыбайлас жемқорлықтың негізі болып табылса, онда азаматтардың адамгершілік ұстанымының қалыптаспауы тұрмыстық сыбайлас жемқорлықтың негізі болып табылады. Сонымен қатар, бұқараның құқықтық сауатсыздығы, бюрократизм, азаматтардың әлеуметтік белсенділігінің төмен болуы да сыбайлас жемқорлыққа қолайлы орта туындатады.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оны құрықтау ел саясатының басты бағыты болып табылады. Осыған орай, мемлекетімізде ел қызметінің барлық бағыттарында кешенді шаралар қабылдануда. Атап айтсақ, сот және орындаушылық биліктің ашықтығы, «бір терезе» принципін ендіру, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыру, қызмет көрсететін барлық мекемелерде ақпараттық технологияларды енгізу. Осы шаралардың барлығы сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу мен жол бермеуге бағытталған және еліміздің әрбір азаматы осы шаралардың нәтижелі жұмыс істеуіне қолдау көрсетіп, санамызда ұстаным ретінде қалыптасуына күш салу пәрыз болып табылады.

А.Д.ТОҚТАРБАЕВА,

Алматы қаласы бойынша қазынашылық департаменті
персоналмен жұмыс істеу бөлімінің бас маманы.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы поштамтына:
+7 707 862 30 08 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 412

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«БӨРІ СЫРҒАҚ» АМАЛЫ

Қыс пен көктем белдесетін күні ауа райы қандай болса, көктем айы сондай болады деген жорамал бар

...Ақпан алдамшы. Бір бүйірінді қыздырса, екінші бүйірінді мұздатады. Бір қолымен маңдайдан сипап, екінші қолымен маңдайдан шертеді. Ақпан – тұрақсыз: кейде аяздың беті қайтып, сынады, кейде аспан түнеріп, жапалақтап қар жауады. Оның бұрқасынды да, шуақты күндері алма-кезек. Қаңтарда бұрқасын, боран тәулік бойы соқса, ақпанда түнде, таң алдында соғады. «Жақсылығына барса – құт, жамандығына барса – жұт» айы.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Ақпан борандайды, келер наурыз – жылауық. Ақпан айының аяғында аяз айылын жиып, қыстың қаһары қайтады. «Ақпанда күн ат адым ұзарады». Кешкісін аспанда жұлдыз быжынап көрінсе, қыстың ұзаққа созылуы мүмкін. Қырау түспей, күн желді болса, боран соғады. Жұлдыз жамындаса, боран соғады, жарқыраса аяз тұрады, күнгірттенсе күн жылырақ болады. Мұздақ қар Қарағаш бұтағына жабысып түспесе, күн суытады. Салқын және ылғалды болса, келер тамыз – ыстық болады. Ауа райы ашық болса, жаз қуаң болады. Жер көлкілдеп, ылғал молайса, жазда жердің оты молаяды. Дала қарлы болса, келер жазда жер нәрлі. Алқап қалың қар жамылса, көкекте көл суға толады. Ақпанның он бесінші жұлдызы – қыс пен көктемнің алғаш ұшырасатын күні. Бұл күнгі ауа райы қандай болса, көктем райы да сол тақылетті болмақ. Екі аралықта қар жауса, көктем

жаңбырлы болады... Міне, қазақы пайым осылай тәптіштейді.

Бұл болжамға қосарымыз, өткен жолы жазғанымыздай ақпан амалы көп ай. Тіпті, кейде екі амал қабаттасып келеді. Содан да болар, бұл айдағы ауа райын «түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз» деген бұрынғылар.

Аптаның 15-16-сына қыс пен көктем белдеседі. Сол күні ауа райы қандай болса, көктем айы сондай болады деген жорамал бар.

Айдың 17-сінен бастап бұршақтан кіші, мұзды қар түйіршігі аралас сырғақ жүреді, қатты боран соғады, сол кезде қасқырдың арланы мен қаншығы жұптасады, мұны атакты«Бөрі сырғақ» дейді. Бұл аласапыран амал бір аптаға созылады.

Ақпандағы қауіпті саналған амалдардың бірі – «Үт амалы». Ол да кезегін күтіп тұр. 20-сынан басталып, айдың 25-іне дейін созылады. «Үт» сөзінің қайдан шыққаны туралы әртүрлі әңгіме бар. Біреулер қазақтар ілгеріде сиырды «үт» деп атаған десе, енді біреулер киіз үйдің саңлауынан түскен сәулені «үт» деген деседі.

Ауа райы ерекшелігі: қар ерігенмен, қатты қасат қар ерімейді. Сиырлар осы мезгілде жатпай, бір-бірін сүзгілеп, сықырлап жүріп алатын болған. Амалдың «сиыр»

аталуына осы көрініс себеп болған сыңайлы. Тереңірек ойлап, зерделесек, саңлаудан түскен сәуле мен сиырдың теңселіп жүруі амалдың келгенін ғана білдіретін көрініс. Негізі қазекен «үт» деп саңлаудан түскен сәуленің ішіндегі қозғалып жүрген есепсіз тозанды айтқан. Ол күннің жылынаатынын,



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Ақпан айының соңғы аптасына жасалған жорамал:

- * Қыс қарсыз болса, жаз қуаң болады.
- * Жер көлкілдеп, ылғал молайса, жазда жер отты.
- * Дала қарлы болса, келер жазда жер нәрлі болады.
- * Алқап қалың қар жамылса, көкекте көл суға толады.
- * Екі аралықта қар жауса, көктем жаңбырлы болады.

табиғаттың өзгеретінін, шуақты күндердің жақын екендігін білдіретін тозан. Бұрынғылардың «Үт келді, құт келді» деп масаттануының да, осы мақалдың шығуының да себебі осы болса керек.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін ақпанның 16-сы. Ай есебінше, туған

айдың – 6-сы. Ал қазақша, айдың басталғанына бүгін 2-ші күн. Сөз етіп отырған аптамыз айдың басы мен ортасына сәйкес келіп тұр. Бұл ауа райында болатын өзгерісті аңғартса керек. Алдағы аптада ауа райы тұрақсыз болатын сыңайлы: ашық күн де, жауын-шашын да көрініс беруі ғажап емес. Бірақ танертең және түнге қарай айтарлықтай суық орын алады, жалпы алғанда, ызғарлы күндер көрініс береді...

Қазақтың күнтізбелік атауында күні бүгінге дейін орнын таппай адасып жүрген ай атаулары жоқ емес. Жаратылысты зерттеп жүрген ғалымдар мен этнографтар арасында осы орайда бұрыннан қалыптасқан екі түрлі жаңсақ пікір қалмай келеді. Ақпан айының қыстың дәл қай айына жататынын дөп басып айта алмай келеміз. Яғни ақпан айы қазіргі февраль айы ма, әлде қазіргі январь ма, нақты ешкім білмейді немесе білгісі келмейді. Әйтпесе, шешімін таба алмай келе жатқан осы дау-дамай мен қарама-қайшылықты шешуге негіз жоқ емес...

Мәселен, Ғабит Мүсірепов: «Қазақ қаңтар-ақпан деп еш уақытта да айтпайды, ол тіліміздің сөйлеу дәстүрін бұзар еді. Біз ылғи ақпан-қаңтар деп сөйлейміз. Сондықтан мен осы екі айдың аттары ауысып тұр ма деймін» деп айтыпты бір сөзінде.

Ал Мұхтар Әуезов шығармаларында «ақпан-қаңтардағы күйіне келген бұрадай» деп сөз қолданады. Қос кемелдердің осы парасатты пайымдарына мән беретін болсақ, январь (ақпан), февраль (қаңтар) болса керек.

Орайы келгенде айта кетейік, Көкек өз орнын таппай жүрген ай. Кезінде компартияның кежір, солақай саясатының құрбаны болған атау. Лениннің «Апрель тезистерін» газетке бергенде «Көкек тезистері десек, пролетариаттар көсемін мазак еткен боламыз, тақырыпты «Сәуір тезистері» деп өзгертіңдер» деген Орталық Комитеттің мәжбүрлеуімен жазылған. Қазір Ленин де, партия да, оның кеңес өкіметі де келмеске кетті. Тезистер де мәнін жоғалтты. Ал ай атауы сәуір болып қалды. Көкекке өз мәртебесін беретін кез келді. 30 жылдан астам уақыттан бері тәуелсіз елміз. Қоғамымыз өзгеріп жатыр. Әділетті Қазақстан құру жолында күлшыныс үстіндеміз. Өзге өркениетті елдер сияқты өзімізге ғана тән ұлттық құндылықтарымызды құнттағанымыз, бабалар жолын ұмытпағанымыз жөн емес пе?

БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Ата-бабамыз «Апат айтып келмейді» деп бекер айтпаған. Алдымен, алматылықтарды жер-ананың тербелуі түн ұйқысынан оятты. Бірер күннен кейін тау баурайындағы қала бөлігінде лай көшіп, бірнеше үйді басып қалды.



Досбол
АТАЖАН

Төтенше жағдайлар қызметіне көмек сұраған алғашқы қоңырау түнгі 2-лерде түсіпті. Әрдайым дайындықта жүретін құтқарушы жігіттер оқиға орнына жылдам-ақ жеткен. Келген бойда бірден кинологтардың көмегімен аман қалған адамдарды іздестіру жұмыстарына кіріседі. Ол болмаған соң, қолдың күшіне кезек келіп, ары қарай техника жұмылдырылады. Бұл жұмыс күн бел ортасына келіп, түс ауғанға дейін жалғасты. Ұйқыдан аман ояңған біздерде лай басқан үйдің адамдары аман болар деген үміт пен тілек болды. Осыдан бір жыл бұрын Түркияда болған алпауыт апат кезінде апталап жер астында жатса да, Алланың әмірімен тірі қалған жандардың тағдыры есімізде-тұғын. «40 жыл қырғын болса да, ажалы келген өледі» деп бекер айтылмаса керек. Дегенмен, жұмыс бабымен оқиға орнынан хабар таратуға барған біздерді қуанышты жаңалық күтпеді. Апат салдарынан бір отбасының адамдары түгел қайтыс болыпты. Лай басқан үй тұрғындарының мәйіті табылды.

Жауапты органдардың жауабын алып, куәгерлердің көріп-білгенін сұрап жазып болғанда, шағын дүкеннің қасында тұрған құтқарушыларға көзім түсті. Түннен бері топырақ қазып, адам өмірі үшін алысқан жігіттер жүрек жалғап тұр екен. Үстіндегі киімдері белшесінен батпаққа батып, аянабай

Құтқарушылар:

ҚИЫН ЖАҒДАЙДА ҚАЛҒАН АДАМНЫҢ ӨМІРІ – БІЗДІҢ МОЙНЫМЫЗДА



жұмыс істегендерінен белгі береді. Қызметте жүрген құтқарушыларға асықпай ыстық тамақ ішу түгілі бір жұтым су ішуге де уақыт болмай жатады. Бұл шындықты өзгенде гөрі өздері көбірек білетін құтқарушы жігіттер бір сәттік тыныштықты пайдаланып дүкенге келгені көрініп тұр. Қолдарына алғаш түскендері шоколад болыпты. Жұмыс бабымен талай тағдырды көрген еңгезердей жігіттер өмірдің ашы дәмін қолдарындағы кішкентай тәттімен басқылары келген болуы керек. Көздерінде үнсіз мұң бар. Бірер жыл бұрын Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің бастығы Әділбек Жұмабаевтан сұхбат алғанымда: «менің көп жылдық тәжірибемде байқағаным – әр өрт сөндіруші, әр құтқарушы көлікте отырғанда

«тек уақытында үлгерсем екен, тек тағы бір жанды құтқара алсам екен» деген ойда болады. Қиын жағдайда қалған адамның өмірі сенің мойнында» деген болатын. Мен көрген құтқарушы жігіттер де осындай оймен келіп, жансыз мәйіттерді қазып алғанда, көңілдері түсті бәлкім. Осы ойлармен тұрғанымда, тәттілерін тауысқан олар жылдам басып, батпақ басқан үйлерге қарай қайта кетті...

Осы күні кешке әлеуметтік желілерден көрген өзге оқиға жүректі жылытты. Ақтөбе облысында боран әсерінен жолдың жартысы жабылып қалғанына қарамай жедел жәрдем қызметкерлері қарды омбылап науқасқа жеткен. Бригада құрамында Бауыржан Құдияров, Қайрат Тілеу және Сая Рысбай болған (бұл ақпарат кейін белгілі болды). Алматыда құтқарушылар адам өмірі үшін

белшесінен батпаққа батса, бұл қызметкерлер Хромтау жолдарында бастан асатын қардың үстіне шығып 2-3 шақырым тізерлеп жүрген. Абырой болғанда, қызметкерлер науқасқа уақытылы жетіп, қажетті көмек көрсетті.

Сөзсіз, олар – бүгінгі батырлары! Отандастарымыздың осындай ерлігіне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шын жүректен алғыс айтып, жылы лебізін білдірді. Әр өңірдегі еңбегі ерен бір топ азаматтың мемлекеттік наградаға ұсынылғанын да естідік. Міне, жақсылықтың әрдайым жақсылықты шақырып тұратынына тағы да куә болдық. Бәрекелді!

